

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ

УДК 81:001, 4
№ госрегистрации 0112РК02686
Инв. № 0213РК02376
ГРНТИ 16.01.33; 17.01.33



«БЕКІТЕМІН»

Ректор м.а
п.ғ.д., профессор

Н. Сейітқұлов

« 08 » 11 2013 жыл


ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ ЖАЙЛЫ
ЕСЕП
ТҮРКІ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ:
ТІЛТАНУ, ӘДЕБИЕТТАНУ
(аралық)
Басымдық бойынша: Еліміздің интеллектуалды әлеуеті

Жоба жетекшісі,
ф.ғ.д., профессор

Дандай Ысқақұлы

Қаскелең 2013

ОРЫНДАУШЫЛАР ТІЗІМІ

Тақырып жетекшісі,
Филология ғылымдарының докторы  Дандай Ысқақұлы
(кіріспе бөлімі,
негізгі бөлімі, қорытынды)

Орындаушы,
Аға ғылыми қызметкер  Төребекова Кенжегүл
колы, мерзімі

Орындаушы,
Аға ғылыми қызметкер  Қыдыр Төрәлі
колы, мерзімі

Орындаушы,
Аға ғылыми қызметкер  Еркінбаев Ұлан
колы, мерзімі

Орындаушы,
Аға ғылыми қызметкер  Айсұлу Нұржанова
колы, мерзімі

Нормабақылаушы  Т. Қыдыр

РЕФЕРАТ

Есеп 40 бет, пайдаланылған әдебиеттер саны 27, қосымша 1.

ТҮРКІ, ТҮРКІЛІК, ТЕРМИН, ТЕРМИНОЛОГИЯ, ТЕРМИНТАНУ, ТІЛТАНУ, ӘДЕБИЕТТАНУ, ТҮРКІ ФИЛОЛОГИЯСЫ, ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ, ҰҒЫМДАР

Зерттеу нысаны түркі халықтарының сөз өнері мен тіл біліміндегі терминдік ұғым сөздер болып табылады.

Зерттеудің 2013 жылға қойылған екінші кезеңдегі мақсаты - тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ терминологиясының даму заңдылықтарын түркі халықтары сөздік қорымен бірлікте айқындау болып табылды. Осы тұрғыда нақты терминдік кесте жасалды. Бұл терминдік кесте «Түркі филологиясының терминдер сөздігі: тілтану, әдебиеттану» атты іргелі ғылыми-зерттеудің отандық тілтану мен әдебиеттану ғылымындағы қолданыстағы терминдердің түпкі генезисін жүйелеуге бірден бір негіз болды.

Қазақ терминологиясына қатысты осы кезге дейін жарияланған еңбектер мен сөздіктердегі мәліметтер мен білімді сұрыптау, талдау, сипаттама жасалғаннан соң, аталған материалдар әдіснамалық және іс-тәжірбиелік ерекшеліктеріне қарай, тақырыптық өзгешеліктеріне сай топтастырылды;

Түркі терминологиясының қалыптасу тарихы, қазіргі жағдайы мен міндеттері, осы уақытқа дейін атқарылған терминологиялық зерттеулерге шолу жасау, татар, түрік, қазақ, қырғыз, әзербайжан, өзбек, башқұрт тіліндегі терминтаным жүйесінің зерттелу жайын кезең-кезеңімен саралап, жүйеленді;

Зерттеу нәтижесінде түркі халықтары филологиясының екі томдық сөздігіннің алғашқы томының бастапқы нұсқасы жасалды. Бірінші томға кіретін қазақ, қырғыз, азербайжан, түрік, башқұрт, татар халықтарының термин сөздерінің базасы және жекелеген халықтардың терминтанымына байланысты материалдары толықтай жасақталып, дайындалды. Түрік халықтары филологиясына қатысты 400-ден аса ортақ терминдер айқындалды.

Жобаның ғылыми нәтижесі түркі халықтарының ортақ терминдерін жасауға қатысты методологиялық, перспективалық ізденістерге қолданылады.

РЕФЕРАТ

Отчет 40 стр, количество использованных источников 27, приложение 1.

ТЮРКСКАЯ ФИЛОЛОГИЯ, ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ, ЯЗЫКОЗНАНИЕ, ТЕРМИН, ТЕРМИНОЛОГИЯ, ПОНЯТИИ, ЯЗЫКОВЫЕ КОНЦЕПТЫ, СЕМА, СЕМИОТИКА

Основная цель проекта – подготовка общего двухтомного словаря филологических терминов тюркских народов по результатам исследования, сравнения общетюркских систем, правил и структур тюркских языков, в том числе языков таких народностей, которые между собой тесно связаны в области развития науки, образования, общественно-экономических отношении, географического расположения, каковыми являются казахи, турки, киргизы, узбеки, туркмены, татары, башкиры и.т.д..

В ходе исследование на 2013 год осуществлении систематизация, анализ и описание сведения и знания, приведенных в научных трудах и словарях о казахской терминологии, опубликованных до настоящего времени; Проведении общего обзора истории формирования, нынешнего состояния, актуальных задач тюркской терминологии, терминологических исследований, осуществленных в этой области, осуществление поэтапного анализа, систематизации состояния исследования в области изучения терминов татарского, турецкого, казахского, киргизского, азербайджанского, узбекского, туркменского языков. Проведении анализа работ в области терминологии терминологических центров и организации, установившихся в тюркском языкознании, и терминологических концепции, предложенных школами по терминоведению Осуществление научного разбора путей создания и научно-методических вопросов по лингвистическим терминам в вышеназванных тюркских языках;

В ходе исследование на 2013 год предложен способ создания среднетюркских литературоведческих терминологических систем с помощью диахроническо-аналитического метода усреднения терминологических систем тюркских народов. Создании методологической системы формирования общего терминологического фонда тюркских языков в результате проведения анализа, систематизации характеров проявления международных терминов в терминологических словарях тюркских языков, вопросов общетюркских соответствия в терминах.

МАЗМҰНЫ

ҚЫСҚАРТУЛАР	6
КІРІСПЕ	7
1 ТҮРКІ ФИЛОЛОГИЯСЫ ТЕРМИНДІК ҚОРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ.....	14
1.1 Терминдік қор қалыптастырудың тарихи негіздері.....	19
1.2 Түркі терминологиясы дамуының әдіснамалық негіздері.....	23
1.3 Түркі тілдеріне ортақ терминдік қор жүйесі.....	30
ҚОРЫТЫНДЫ	34
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	38
ҚОСЫМША А.....	44

ҚЫСҚАРТУЛАР

- ҒА - Ғылым академиясы.
ҚР ҰҒА - Қазақстан республикасының Ұлттық ғылым академиясы
РҒА - Ресей Ғылым академиясы.
ФИ - Институт востоковедения.
ӘИ - Әдебиет институты
ШИ - Шығыстану институты.

КІРІСПЕ

Отандық ғылымдағы кәсіби терминология тарихы негізінен алаш зиялыларының еңбектерінен бастау алатыны мәлім. Бұл саладағы еңбектерді жүйелеуде және қазіргі талап тұрғысынан екшеп зерделеуде тілтанушы ғалымдар едәуір еңбек етті. Қазақ терминологиясының зерттелуіне қатысты жазылған еңбектердің өзі тіліміздің термин сөздерге байлығы мен бейімділігін аңғартады.

Алайда, терминді термин ететін негізгі фактор олардың халықаралық ғылыми кеңістікте қолданылуы екенін ескерсек, бұл бағытта бірқатар стратегиялық бастамаларды іске асыруға тура келетініне көз жеткіземіз. Жекелеген елдердегі терминологиялық жұмыстарды салыстыра зерделегенде терминдердің өміршеңдігі ұлт тілдерінің табиғатына тәуелді болып жатқандай көрінеді. Асылында ұлт тілдерінің өзгешелігі емес, керісінше көптеген ұлт тілдері жүйесінде жекелеген терминнің өзіндік ерекшелігі басты рол ойнап жатады. Мұны әсіресе, көптеген тілдерде қолданылатын терминдердің табиғатын салыстырып қарағанда да байқауға болады. Осының салдарынан, терминологиялық тұрғыдан жетілген тілдерді тізбектегенде көбіне ағылшын, орыс, француз, неміс, итальян тілдерін ауызға аламыз. Терминологиялық мектептер туралы сөз қозғағанда канадалық, ресейлік, веналық мектептерді атаймыз. Аталған мектептердің теориялық тұжырымдарын әдіснамалық, іс-тәжірбиелік, тіпті, тарихи негіз тұрғысынан да бұлжымас ақиқат ретінде қабылдаймыз.

Таяуда ғана Мәскеуде жарық көрген «Жалпы терминология» атты қос томдық ұжымдық жинақта, авторлар: «Необходимость терминологически развивать каждый язык проблематична. В языке, подобно другим сферам общественной деятельности, любое явление развивается вследствие потребности, вследствие настоятельной необходимости иметь средства для выражения каких-либо фактов или их отношений. Искусственное и форсированное развитие терминологий в языках тех народов, которые не занимаются целенаправленной профессиональной деятельностью, нереально. Оно не имеет смысла, потому что не поддерживается самой жизнью» деген тұжырым жасайды [2]. Бәлкім солай да шығар. Дегенмен, мұның «терминге бейім туған» тілдер тарапынан арнайы жасалынып отырған ақпараттық шабуыл екенін де жоққа шығаруға болмайды. Бұл майданда «қыңк» етпей беріле салу да ақылға қонымсыз.

Бұл тақырыпта соңғы кезде Астанада құрылған «Түркі академиясы» бас болып бірқатар жобалар іске асыру қажеттілігі айтылып келеді. Осы іргелі жобалар аясында қазақ ғылымының әрбір саласында терминдік бәсекелестікке қабілетті ұғым сөздерді жүйелеу жүзеге асырылса игі. Мақаламызда Ахмет Байтұрсынұлының әдебиеттану саласында

ұсынған «пән сөздерін» аталмыш талап тұрғысынан қарастыруды көздедік. Біздіңше, Ахмет Байтұрсынұлы пайымындағы әрбір ұғым немесе сол ұғымның жүгін көтеретін «пән сөздері», негізінен үш тағанмен бірлікте қаралады. Олар: сөздің *терең генезисі* мен *семантикасы* және оның өз пән саласындағы *функциясы*. Осы әдестемелік пайым тұрғысынан болсын не ғылымдағы өзге де жүйелілік қағидасы тұрғысынан болсын – Байтұрсынұлының әдебиеттану саласындағы термин сөздерін зерделу күрделі де көлемді зерттеулерге сұранып-ақ тұрғанын айта кетуіміз орынды.

«Әдебиет танытқыштың» ең басында сөз өнерінің жалпы теориясына қатысты келесі бір тәсіл пайдаланылған болатын: *«Шығарманың екі жағы бар: 1) тысқы тіл жағы, 2) ішкі пікір жағы.*

Сондықтан сөз өнерінің ғылымы екіге бөлінеді: 1) шығарманың тілінің ғылымы, 2) шығарманың түрінің ғылымы.

Тілінің ғылымы дыбыстардың, сөздердің, сөйлемдердің заңынан шығатын тіл өңінің жүйелерін танытады, түрінің ғылымы сөз өнерінен шыққан нәрселердің мазмұн жағының жүйелерін танытады. Сондықтан сөз өнерінің ғылымы шығарманың тіл өңі жағынан тіл я лұғат қисыны болып, мазмұн жағынан қара сөз жүйесі, дарынды сөз жүйесі болып бөлінеді». Бұдан шығатын түйін - Байтұрсынұлы ең алдымен шығарманың семантикалық құрылымына назар аударып отырған болады. Шығарманы мазмұндық жағынан *қара сөз бен дарынды сөз жүйесі* деп бөлуі соның айғағы. Сонымен «Әдебиет танытқыштағы» «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі» деп аталатын екінші тарауда асыл сөз теориясының негізгі белгілері тұтастай талданады. Егер жіліктеп айтсақ, бұл тарауда: көркем шығарманың түрлері, прозалық мәтін мен ақындық мәтіннің айырымы, көркемдік әлемнің құрылымдық жүйесі мен ондағы мағыналық астарлар мәселесі, мәтіндерінің арасында қатынас жүйесі, терминдеу жүйесі, көркемдік әлеміндегі субъективті және объективті басымдықтар, композициялық негіз, оқиға таңдау, олардың орналасуы, әдеби тектер мен жанрлар ерекшеліктері, шығарманың эстетикалық талғам бағыттары секілді теориялық мәселелер сөз болады. Міне, бұл жерде «дарынды сөз» терминін кіргізу арқылы Байтұрсынұлы көркем сөздің барлық функциясын ашып берген. Түрік тілінде – *Darındı söz* – әдеби тіл – мағынасында қолданылады. Бұған қойылатын талаптарды ескергенде: «Edebî metinde ifade, edebî dil ve üslup arasında çok önemli bir ilişki vardır. Bunu gösterebilmek için bu makalede ifade, edebî dil ve üslup terimlerinin çeşitli tanımları aranmıştır. Edebî dil ile üslup arasındaki ilişki aranırken günlük dil, kültür dili, ilim dili ve medeniyet dili gibi kavramlar düşünülmüştür. Üslubun, değişik kuram ve felsefeler açısından bakınca farklılaşan özellikleri vardır» екендігі мәлім болады [4]. Яғни, терминнің жиынтық мағынасы «дарынды сөздің» берген терминдік шеңберінен едәуір тар болып келеді. Әдебиеттануға байланысты Байтұрсынұлы 300-ге жуық термин сөз

ұсынады. Осылардың отыз пайызға жуығы түркі халықтарында ортақ «пән сөздері» ретінде қолданылуға сұранып тұр. Ал, бес-он пайызға жуық сөздер әлемдік әдебиеттануда өзіндік мағыналық кеңістігі жағынан көптеген термин сөздерден оқ бойы озық тұр.

Әдебиеттанушы А.Ісімақова: «М.Бахтиннің “романизация стилия” деген тұжырымымен біз 1970 жылдары танысып, таң қалып жүрсек, А.Байтұрсынұлы бұл қағиданы сонау ХХ ғасырдың 20-жылдары түсіндіріп кетіпті» дейді. А.Байтұрсынұлы қазақ прозасының өзіне тән ерекшеліктеріне байланысты бұл құбылысты сол кезде былайша пайымдайды: “Ұлы әңгіме, ұзақ әңгіме, ұсақ әңгіме болып бөлінулері үлкен-кішілігінен ғана. Мазмұндау жүйесі бәрінде де бір, айтылу аудандарында айырма бар: ұлы әңгіме сөзі алыстан айдаған аттарша жайыла бастайды, ұзақ әңгіме жақыннан айдаған аттарша жайыла бастайды, ұсақ әңгіме мүше алып, оралып келе қоятын аттарша бастайды». Байтұрсынұлы «пән сөздерінде» мұндай мысалдар жетерлік.

Романға байланысты сөз еткенде «ұлы әңгіме» деген терминді ұсынады. Мұнда да терминнің теориялық, функционалдық кеңістігіне еріксіз таңданысың. «Ұлы әңгіме жазушы көркем сөздің әуезе, толғау, айтыс – барша түрін де жұмсайды. Ұлы әңгіме жазуға үлкен шеберлік керек». Демек, роман стилін жүйелей келе, А.Байтұрсынұлы оны “айтылу түріне қарай: әуезе, толғау, айтыс” деп жіктейді. Бұл атаулардың негізін де аша түседі: “Әуезелеуші айтатын сөзіне өзін қатыстырмай, өзінен тысқары ғаламда болған істі әңгіме қылады. Әуезе – тысқы ғалам турасындағы сөз... Толғау – ішкергі ғаламның күйі. Толғау – іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі. Ақындық жалғыз өз көңілін, күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып, толғай алуда”. Яғни, “Сөйлеу жүйесінің мақсаты – сөйлеу жүйелерін меңгеріп, сөзден нендей нәрселер жасап шығаруға болатындығын көрсету”, - деп түйіндейді А.Байтұрсынұлы.

“Әдебиет танытқыш” ғылымның әр саласы өзінің ғана “пән сөзінде” сөйлеуін, дәлелденуін, насихатталуын алға тартады.

Ахмет Байтұрсынұлы бір термин сөзді ұғындырғанда оны түсіндірудің барлық тәсілдерін қолданады. Тәсіл сонысымен ерекшеленеді. Терминнің теориялық негізімен бірге іс-тәжірбиелік жағын өмірмен байланыстыра баяндап береді. Мәселен, көркем сөзді түсіндіре отырып, оны кімдер қолданатынын да жан-жақты айтып өтеді: *«Ақындар ғалымдар сияқты болған уақиғаны, яки нәрсені болған күйінде, тұрған қалпында бұлжытпастан айтып, дұрыс мағлұмат беріп, қақиқаттануға тырыспайды, тұрған нәрсе тұрған күйінде, болған уақиға болған күйінде ақынға өте үйреншікті, жсай қалыпты, жабайы көрінеді. Оның бәрін ақындар өз көңілінше түйіп, өз ойынша жорып, өз ұйғаруынша сүгіреттеп көрсетеді. Сол*

өзі ұйғарған түріндегі ғаламды сөзбен көрсетуге бар өнерін, шеберлігін жұмсайды, сүйіп шығарған сөзі көркем сөзді шығарма болады».

Термин мәселесінде бірде-бір грек, латын не болмаса орыс сөзін қолданбайды. Барлығын қазақы дүниетанымнан, әрбір сөздің өз түбірінен, өз төркінен алып, соны термин етіп түсіндіреді. Бұл да оқушының өзіндік туа бітті жаратылысына лайық, ақылына қонымды тәсіл. *«Мінездері ұқсас біріңғай, бір кейіпті адамдарды кейіптес дейміз. Мінездің белгілі бір түріне кейіп беретін адамдарды кейіпкер дейміз. Жомарттық, сараңдық, батырлық, қорқақтық, түзіктік, бұзықтық – бұлар қай жұртта да болатын мінездердің жалпы кейіптері. Сондықтан мұндай мінезді адамдар жалпы кейіпкерлер болады».*

«Ұлы әңгіменің өресі қысқа, өрісі тарлау түрі ұзақ әңгіме деп аталады. Онан да шағындау түрі ұсақ әңгіме деп аталады».

а) Толғау шын сырлы болуы тиіс. Өтірік жай сөзге де жараспайды. Толғау сияқты сырлы шығармаға өтірік жараспақ түгіл, бүлдіреді. Сондықтан күйлі толғау көңілде шын күй болған күйден шығуы керек.

б) Толғау таза болуы тиіс – нас, былғаныш, нәжіс әдемі нәрседен шықса, көңілге қандай әсер етеді? Толғау сөзге былғаныш сөз, былғаныш пікір қатысса, о да сондай әсер етеді.

в) Толғау көңілдің тереңдегі күйінен хабар беруі тиіс. Көңілдің бер жағынан шыққан толғаудың әсері оқушының көңілінде терең із қалдыра алмайды». Бұл жерде ғалымның лирикалық тектің табиғатын «жалпы сырлы», «шын сырлы», «таза болуы» және «көңіл тереңдігі» деп жіктеп отырғандары жай емес.

а) Толғау сөзі көңіл күйінің бейне билеуі сияқты болуы тиіс. Күй де, би де біріне-бірі үйлесіп келгенде, сұлу болып шығады. Күй мен бидің үйлесуі.

а) Толғау қысқа болуы тиіс. Көңіл күйінің көбі-ақ бір қалыпта ұзақ тұрмайды. Көңіл күйінен шығатын толғау көңіл табиғатына қарай ұзын болмасқа тиіс, ұзын болмайды да. Нағыз толғаулардың көбі-ақ 4-5 ауыз өлеңнен аспайды.

б) Толғау әуезді сөзбен айтылуы тиіс. Адамның көңілінің күйін жақсы білдіретін - күй мен ән. Әннен соңғы көңілге көбірек әсер беретін - әуезді сөз, әуезді сөздің әдемісі - өлең. Толғау көңіл сөзі болғандықтан, әсер күшін көбейтетін өлең түрде айтылуы тиіс. Көбінесе солай айтылады да»

Иә, сөзді тану, әсіресе, әдебиетті тану – ғаламның өзегіндегі аса нәзік үйлесімділік пен әсемдікті танудан бастау алып, тіршіліктің қарапайым заңдылықтарын ұғынуға дейін жалғасады. Мұны жаратылыстың өзіндік қарапайым тілімен сөйлете білу де - өнер. Сондықтан, кез-келген көркем дүниенің туу, жазылу, өмір сүру тарихы, ең бастысы оның өнер ретіндегі құндылығы – аса ауқымды мәселе. Көркем туындының пайда болуы мен оның

өнер ретінде өмір сүруі өзара бірлікті қажет етеді. Өнердің шартты заңдылықтары жоқ десек те, оны танудың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл оқырман талғамымен, оның құндылықтар жүйесімен, көркемдік құпиясына қояр талаптармен тікелей байланысты.

Осы тұрғыда «Әдебиет танытқыш» - әдебиетті танытудың шынайы тәсілдерін қолданған. Сондықтан оқырман жүрегінің төрінен орын алып отыр. Кез келген көркем шығарма жаратылыстың сырлы сыпаттарын көркем тілмен баян етеді. Біз әдебиетті тануда, талдауда көркем туындылардан сол сырлы сыпаттарды іздейміз. Ал материалдан тыс теориялар мен анықтамалар ойлап тауып, соларды материалға теліп талдау – барып тұрған сауатсыздық. Өкініштісі, біздің мектептерде сол сауатсыздық салтанат құрып тұр. Өсіресе әдебиетті оқытуда.

Кесте 1 - Қазақ тіліндегі терминдік кеңістігі

А.Байтұрсынұлы бойынша ұсынылатын «пән сөздер» /терминдер/	Терминдік мәні	Ұғымдық /теориялық/ негізі	Терминдік ауқымы /қолданыс шеңбері/ және түрлері
Толғау – Tolǵau Destan/koşak	Терминдік мәні тұғысынан әдебиеттің үш тегінің бірі <i>лирикаға</i> келеді. Лирика /грек. <i>Lira</i> – ішекті музыкалық аспап/ - ішкі әлемнің ойы мен сезімін білдіретін өлең сөз түріндегі әдебиеттің тегі. А.Байтұрсынұлы толғауды «ішкергі	А.Байтұрсынұлы толғауды әрі лирикалық субъект ретінде әрі сөз өнерінің баяндалу ерекшелігі ретінде қарастырған. Осы жағынан алғанда бұл терминнің мағыналық шеңбері аса кең. А.Н.Веселовский басқа да тектер секілді лириканың да тууын ертедегі салттық, дәстүрлі хор айтумен байланыстырады. Бірақ, бұл күнде көне дәуірде өлеңнің хордан да басқа бірталай	Толғаудың сөз өнеріндегі қолданыс шеңберін А.Байтұрсынұлы ұсынған ауқымы аса кең. Оны ғалым келтірген төмендегі толғау түрлерінен аңғаруға болады: «Толғау түрлері де толып жатыр; оның ішіндегі негізгі түрлері мыналар: 1) <i>Сап толғау</i> , 2)

	ғаламның күйі» деп, тек өлең сөзде ғана емес, жалпы сөз өнеріне ортақ термин ретінде алады.	тұрмыстық түрлері бар екені белгілі болып отырғандықтан, бұл күнде А.Н.Веселовский теориясы толыққанды деп саналмайды. Жалпы Аристотельден, Гегель, Белинскийлерге дейінгі зерттеулерде лирика үш әдеби тектің аясында қарастырылып келді.	марқайыс, 3) налыс (мұңайыс), 4) намыстаныс, 5) сұқтаныс, 6) ойламалдау. Ойламалдау түрі көп; ойламалдаудан бөлініп: 1) сөгіс толғауы, яки даттау, 2) күліс толғауы яки күлкілеу, 3) масқаралау шығады».
Арнау – Arnau gazel	Әдебиеттегі сөздің мағынасын құбылту аясында қолданылатын термин.	Арнау – сөз өнерін айшықтау аясына кіреді. Бір жағынан әлемдік әдебиеттанудағы фигура /латынша figura – кескін, бейне/ аясында да қарастыруға болады. Егер фигураны көркем сөзді мағыналық және пішіндік тұрғыдан құбылту деп түсінсек, арнаудың терминдік ерекшелігі осы екі түрін де қамтитындығында.	З.Қабдолов: Мәселен, арнау (фигураның) деген бір түрі бар. Бүкіл дүниежүзілік әдебиет теориясында арнау деген бір-ақ түр; шауып шықса, бұған шешендік сұрау қосылып қана ажарлануы мүмкін. Ал қазақ поэзиясында Ақаң осының үстіне үш түр (сұрай арнау, зарлай арнау, жарлай арнау) қосып, құбылтып, тотының түгіндей құлпыртып әкетеді» өте маңызды тұжырым жасайды [3, 23].

Троп пен фигураны А. Байтұрсынұлы бірлікте қарайды. Терминологиясы мұнда да түп-түгел қазақша. Тіл көрнекілігінің көркем шығармадағы міндетін айтқанда классикалық мысал ретінде, Мағжанның «Толқын» өлеңін мысалға алады. Асыл сөздің образдылығы да,

эстетикалық және поэтикалық мұраты да осы өлеңде үлкен шеберлікпен берілген. Осындай сөздерді «көрнекі тіл» дейміз дейді де, оны «көріктеу», «меңзеу», «әсерлеу» деп, үш әдіске жіктейді. Мұндай күрделі де қарапайым концептуальды тәсіл Байтұрсынұлыға тән.

Кеңес дәуірінде жұмыс істеген түркологиялық орталық, ортақ түркологиялық басылымдар, совет дәуірінде жақсы дәстүрге айналған білім-ғылым саласындағы өзара іскери қарым-қатынастар бүгінде жоқ. Түркі халықтары әлі де болса томаға-тұйық қалпында, өз бетінше жұмыс істеуде. Ғылымдағы жаңа бағыттардың, зерттеу нәтижелерінің қорытындысы туралы түркі халықтары арасында ой алмасу, пікір байласу, қорытындыға келу жоқ деуге болады. Бұл айтылғандардың филология саласына тікелей қатысы бар. Өзбек, татар, қазақ, түрік, қырғыз, башқұрт лингвистикасы мен әдебиеттану ғылымына қатысты зерттеулермен танысудың ең қолжетімді түрі – ғаламторды пайдаланудың өзі ортақ терминологиялық аппараттың жоқтығы мен таныс еместіктің кесірінен көмек бере алмай отыр. Сондықтан түркі халықтарының арасындағы әсіресе ғылым мен білім саласындағы тығыз қарым-қатынасты қалпына келтіру үшін алдымен әр саланың терминологиялық аппаратын жинақтап, әр тілдің әдебиет пен тілге қатысты терминдерінің жасалу жолдары мен қағидаттарын, құрамы мен жүйесін, ортақ терминдері мен өзгешеліктерін саралап алудың өзектілігі бар.

Жобаның мақсаты – тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ терминологиясының даму заңдылықтарын түркі халықтары сөздік қорымен бірлікте айқындау болып табылады. «Түркі филологиясының терминдер сөздігі: тілтану, әдебиеттану» іргелі ғылыми-зерттеу жұмысы отандық тілтану мен әдебиеттану ғылымындағы қолданыстағы терминдердің түпкі генезисін жүйелеуге арналады. Түркі тілдері, оның ішінде ғылым-білім, саяси-экономикалық және географиялық тығыз қатынаста байланыс жасап келе жатқан түрік, қырғыз, өзбек, татар, әзербайжан, башқұрт тілдерінің филологиялық (тіл және әдебиет) терминологиясының ортақ жалпытүркілік жүйесін, қағидаттары мен құрылымын зерттеу, салыстыру; әр тілдің филологиялық терминдер сөзтізбесін түгендеу нәтижесінде түркі халықтары филологиялық терминдерінің ортақ 2 томдық сөздігін даярлау. Сондай-ақ:

- Аталған түркі тілдеріндегі лингвистикалық терминдердің жасалу жолдары, ғылыми-әдістемелік мәселесін саралау;

- Халықаралық терминдердің түркі тілдері терминологиялық сөздіктеріндегі көрінісін, термин сөздердегі жалпытүркілік сәйкестіктер мәселесін талдау, жүйелеу, нәтижесінде түркі тілдеріне ортақ терминологиялық қор қалыптастырудың методологиялық жүйесін жасау;

- Аталған тілдер арасындағы терминдік сәйкестіктер мен айырмашылықтарды сұрыптау, ортақ латын графикасына негізделген әліпби негізінде жазба тұрпаты бірдей терминдер мен өзгеше терминдердің сөзтізбесін жасау; нәтижесінде екі томдық сөздікті әзірлеу;

1 ТҮРКІ ФИЛОЛОГИЯСЫ ТЕРМИНДІК ҚОРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ

Түркі халықтарының терминдік жүйесінің – аталған халықтардың мәдениеті мен әдебиетінде, тіл білімінде алар орны айрықша. Себебі, терминология – тілдік және мәдени құндылықтардың ұғымдық базасы болып табылады. Зерттеу тақырыбының алғашқы кезеңінде қазақ тілінде ұлттық терминдер қалыптастыру аспектілері, терминдер мәселелері қарастырылды. Сонымен бірге, түркі терминологиясындағы ізденістердің хронологиясы айқындалып, ондағы жекелеген халықтардың үлесі сараланды.

Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипатына талдау жасалды; Қазақ баспасөзінің терминологияны қалыптастырудағы рөлі айқындалды. Қазақ терминографиясының ғылыми-теориялық негізін қалыптастыру мәселесі жан-жақты талданды;

Қазақ лингвистикалық терминологиясының даму тарихы мен лингвистикалық терминдердің қалыптасу процесі жүйеленіп, ғылыми-теориялық және ғылыми-практикалық тұрғыдан тұжырымдалды. Адам қызметінің арнаулы салаларының қайсысын алсақ та өзіндік ғылыми ұғымдар жүйесі болады. Ғылыми ұғымдар жүйесін таңбалайтын атаулардың өн бойынан ұлттық сипаттағы ұғымдар жүйесінің ерекшеліктері көрініп отыруы тиіс. Тіл тек қатынас құралы ғана емес, халықтың танымы мен аялық білім қорының жинақтаушысы болғандықтан, ғылым тілінің дамуын халық өміріндегі тарихи, мәдени өзгерістерге байланысты алып қарауға болмайды.

1910 жылдардан 1930 жылдарға дейінгі аралықта А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының ұстанымдарына сәйкес термин шығармашылығының ұлттық сипатта дамуымен ерекшеленетіндігі белгілі. Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі XX ғасыр басындағы Қазақстанның рухани-мәдени өміріндегі елеулі оқиға болды. Бұл съезд 1924 жылы маусымның 12-18 күндері аралығында Қазақ АССР-інің сол кездегі астанасы Орынбор қаласында өткендігі мәлім.

Қай ғылым саласының болмасын оның қалыптасу тарихын, дамуының кезеңдік сипатын, оған тиесілі алғашқы еңбектер мен ғылыми зерттеулерді көрсетіп беру – ғылым саласының тарихын зерттеудегі күрделі мәселелердің бірі. Қазақ терминографиясының тарихын зерттеу барысында бұл мәселелерге байланысты бір жақты тұжырым жасаудың оңай емес екендігіне көз жеткізуге болады.

Сондықтан бұл тақырыпты қарастыру барысында ұлт тіліндегі алғашқы терминологиялық сөздіктеріміз өткен ғасырдың 20-30 жылдары жарық көрген дәйектей отырып, хронологиялық тұрғыдан Н.Қаратышқанұлының «Пән сөздері» ең алғашқы жарық көрген терминологиялық сөздік ретінде көрсетіліп жүргеніне көз жеткіздік. Сөздікте

«Қазағыстан оқу кемесеретінің білім ордасы қабылдаған пән сөздері» қамтылып, 10000 дана таралыммен 1927 жылы Қызылордада басылып шыққан. Көлемі – 128 бет.

Орысша-қазақша әскерлік атаулары – XX ғасырдың жиырмамыншы жылдары Қазақ білім кемесіесінің төрағасы А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының бекітіп, алғаш бастырып шығарған терминологиялық сөздіктерінің бірі. Сөздікті Қазақ АССР халық ағарту комиссариятының ғылыми кеңесі қабылдаған. 1931 жылы Қазағыстан баспасынан шыққан «Атаулар сөздігі» терминологиялық сөздіктері жарық көрді. Көлемі – 183 бет. Таралымы – 5000 дана. Бұл еңбектер қазақ терминографиясы тарихындағы тұңғыш терминологиялық сөздіктер ретінде айтарлықтай орын алар, маңызды еңбектер ретінде танылады.

Екіншіден, бұл сөздіктер алаш зиялыларының өздері негізін қалаған терминжасам қағидаттарын пайдалана отырып жасалған сөздіктер болатын. Дәл осы мәселелердің азербайжан, өзбек тілдерінде зерттелуі, осы тілдердегі терминография жүйесінің тарихын қарастыру үшін, А.Г.Оруджевтің «О создании научной терминологии и об упорядочении существующих терминов на азербайджанском языке», М.Ш.Гасымовтың «Основы терминологии азербайджанского языка», Т.Дуйшөналиеваның «кргыз терминологиясынын кээ бир маселелерине каратпа» атты ғылыми еңбектерімен таныстық.

Осы жылдары аралығында жарық көрген терминологиялық сөздіктер алаш зиялыларының термин жасау, өзге тілдерден термин қабылдау және оларды жазу қағидаттарын басшылыққа ала отырып жасалғандығымен ерекшеленетін байқаймыз. Сөздікті түзушілер қазақ тілінде бар атауларды барынша пайдаға жаратып, оларға арнайы мағына жүктеумен бірге ұлт тілінің сөзжасам тәсілдері арқылы жаңа атаулар жасауды мақсат еткені аңғарылады. Мысалы: кашақ (дезиртир), далағай (плац), қап-төсек (матрац), сүңгір (подводная лодка), ұшар (самолет), үстеме (надбавка), соза бас (шире шаг), түмен (дивизия), жасак (отряд), тарал (разойдись), тізіл (стройся) және т.б.

«Атаулар» сөздігіне енген терминдердің елеулі бөлігі бүгінде қалыптасқан термин қорымыз бен жалпы лексикалық қордан берік орын алғандығын айта кеткен жөн: әдіс (метод), әдістеме (методика), бақылаушы (наблюдатель), жазықтық (плоскость), жасак (отряд), қатар (шеренга), серіппе (пружина), шабандоз (наездник), оқшантай (патронтаж) т.б.

1910-1930 жылдар аралдығында ұлттық кадрлар қалыптасып, білім беру мен ғылым ды ұлт тілінде дамытудың негізі қаланғандығын айқындадық. Мәселен, М.Жұмабаевтың 1923 жылы Ташкентте жарық көрген «Педагогика» еңбегінде 300-ге жуық терминдер қамтылғандығы терминолог ғалымдар тарпынан айтылып жүр.

XX ғасыр басындағы терминография шығармашылығы алаш азаматтарының есімдерімен тікелей байланыста қарастырылғаны жөн. Ғасыр басында халықтың сауатын ашу, білім бері міндеті күн тәртібінде тұрды. Ұлт тілінде білім алып, тәрбиленудің маңызын

терең түсінген олар – өздері маманданған салалары бойынша қазақ тілінде оқу құралдары оқулықтарды жазды. Бұл жолда олар ғылымы ертерек дамыған елдердің жетістіктеріне сүйенді. Мәселен, неміс ғалымдары айтып жүрген «прозрачность термина», яғни термин мағынасының ұғынықтылығы мәселесі алаш зиялыларының жиырмасыншы ғасырдың басында-ақ назар аударғаны байқалады.

Қазақ зиялыларының алдында тұрған басты міндет - қазақ тілінің табиғатына сәйкес терминжасам қағидаттарын қалыптастыру, осы арқылы қазақ терминологиясы мен терминографиясының даму бағыт-бағдарын айқындау. Бұған ғұлама ғалым А.Байтұрсыновтың қазақ терминологиясын қалыптастыру және оның бағыт бағдарын айқындап қана қоймай, жалпы түркі халықтарының ортақ терминологиялық қорын қалыптастыру, терминжасам шығармашылығында ортақ принциптер ұстану, осы арқылы түркі халықтарының ғылыми, рухани және мәдени байланыстарының тереңдей түсуін көздегенін көруге болады.

1930-1990 жылдар аралығындағы қазақ лексикасының терминденуі. А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының термин жасауда ұстанған бағыт-бағдары әкімшіл-әміршіл жүйе тарапынан күшпен өзгертілді. Ұлттық республикалардағы термин жасау ісінің бағытын жергілікті ұлт кадрлары емес, орталық белгілейтін болды.

Тілдер туыстығы туралы мәселе лингвистика тарихында өзекті мәселенің бірінен саналды. Салыстырмалы тарихи тіл білімінің қалыптасуына тіл туыстығы деген ұғымды анықтаудың тікелей қатысы бар. Тіл туыстығы туралы мәселе өз негізін Қайта өрлеу дәуірінен алады. 1583-1588 жылдар аралығында Индияда тұрған итальян жиһанкезі Ф.Сассети санскрит (үнділердің ұлттық әдеби тілі, қасиетті тілі саналады, қазір хинди тілі) тілінің еуропа тілдерімен тұлғалық-мағыналық жағынан ұқсастықтың бар екендігіне назар аударады. «Индиядан хаттарында» Ф.Сассети осы тілдік фактілерді айқындайтын мынадай мысалдар келтіреді: санскрит – два, сарап (жылан); итальян – дуе, серпе (жылан);

1599 жылы Голландия филологы И.Ю.Скалигер «Европалықтардың тілі жөнінде қысқаша ойлар» атты кішкентай еңбегін жазды. Мұнда Скалигер еуропа тілдерін 11 топқа – ата тілге (праязык) бөледі:

- 1) грек (ата тіл);
- 2) латын (ата тіл) тілінен өрбіген тілдер: итальян, француз, испан, яғни қазіргі роман тілдері тобы);
- 3) герман (ата тілі): неміс, нидерланд тілдері;
- 4) славян (ата тілі): чех, словен, сербхорват, лучиж);
- 5) албан тілі;
- 6) татар, яғни түркі тілдері;

- 7) венгер, яғни мадьяр тілі
- 8) фин, лапланд, саам тілдері;
- 9) ирланд тілі;
- 10) бретон тілі;
- 11) баск тілі.

Скалигердің айтуынша, бұл тілдердің арасында ешқандай да туыстық қатынас жоқ. Біз бұл пікірмен келісе алмаймыз. Өйткені бұған дейін Ф.Сассети еуропа тілдерінің санскрит тілдерімен ортақ екенін біраз дәлелдеген болатын.

1615 жылы литва ғалымы М.Литуан литва тіліндегі жүз шақты сөздің латын тілімен формалық-мазмұндық жағынан бірдей екендігіне назар аударып, нәтижесінде «ата тілдер» арасындағы алыс та болса жақындық туралы мәселе сөз етіледі.

1666 жылы орыс ғалымы Ю.Крыжанич фонетикалық сәйкестіктерді негізге ала отырып, славян тілдерінің толық классификациясын жасаған болатын. Ал түркі тілдері бойынша, көбінесе фонетикалық және лексикалық сәйкестіктер негізінде жылдар аралығында тілдер туыстығы мәселесін көтерген, лексикография саласындағы үлкен еңбектердің бірінен саналатын М.Қашқаридің сөздігі болатын. Осы еңбек туралы жан-жақты түсінік беру.

Неміс филологы Ф.Рунг (1747 жылы) литва, латыш, өлі прусс тілдерін жақын туыстығын дәлелдей келіп, Балтық тілдері тобы деген терминнің қалыптасуына жол ашты. Осы балтық және славян тілдерінің туыс екендігі туралы мәселені күн тәртібіне қойған - М.В.Ломоносов болатын.

Салыстырмалы-тарихи үрдістің қалыптаса бастауына мұрындық болған еңбектердің үлкен бір тобы - ХҮІІІ-ХІХ ғғ. жарық көрген сөздіктер. Академик П.С.Палластың редакциясымен 1768-1789 жылдар арасында Санкт-Петербургте жарияланған үш томдық «Барлық тілдер мен наречиелердің салыстырмалы сөздіктері. Бұл еңбекте 285 сөздік-мақала бар. Сөздік-мақала жайлы түсінік беру. Сөздіктің нақты масылдары 272 тілден алынған: 164-і азиат тілдері; 55 – еуропа тілдері; 23-і американ үгдістері тілдері; 30 – ы африкан тілдері.

Келесі еңбек И.Х.Аделунгтың «Митридат, или Всеобщее языкознание, имеющее в качестве языкового примера «Отче наш» (христинадардың ресми гимні) почти на 500 языках и диалектах» атты төрт томдық сөздігі. Бұл еңбекте грамматикалық түсініктемелер, тіл туыстығы, тіл-тілдегі қазіргі сөздердің бәрі бір буынды элементтердің бірігіп, жымдасуы нәтижесінде пайда болған деген қорытынды шығарылған.

Лексикография саласындағы төртінші үлкен еңбек – испандық миссионер Л.Эрвас-и-Пандураның «Әлем идеясы» атты 21 томдық энциклопедиясы. Бұл сөздіктің 17-томында (1794 жылы) 307 тіл және жүзден артық диалект материалы бар. Грамматикалық салыстырулар негізінде тілдердің туыстығын, туыстас тілдердің туыстығын бір-бірімен

туыстығы жоқ тілдермен салғастыра баяндауға тырысады. Бұл - салғастырмалы-тарихи тіл білімінің іргетасын қалауға негіз болды. Лингвистика тарихында бұл қағиданы ғылыми түрде дәл тұжырымдаған – М.В.Ломоносов.

Тіл туыстығын ғылыми түрде зерттеуге жол ашқан еңбектің бірі – И.Добровскийдің «Чех тілі мен әдебиеті тарихы» (1792 жыл). Автор осы еңбегінде кейбір Европа тілдеріндегі бұрын белгісіз сәйкестіктердің бетін ашты, славян тілдеріндегі дауыссыздардың буын алдынан, дауысты дыбыстардың буын соңынан келетінін байқап «ашық буындар заңын» қалыптастырды. Сөйтіп И.Добровский славян филологиясының негізін қалады.

Аяқ кезіндегі үнді және иран филологиясы табыстары да салыстырмалы-тарихи тіл білімін негіздеуге себін тигізді. Ағылшын шығыстанушысы У.Джоунз 1786 жылы санскрит пен ерте кездегі парсы және грек, латын, гот тілдерінің негізі бір екендігін, бірақ ол негіздің қазіргі таңда сақталмағанын айтады. Парсы – мадәр (шеш), бәрәдәр (аға-іні), нам (есім); латынша – mater, trater, nomen; ескі славян тілінде – мати, брат, имя. Джоунздың пікірінше, бұл тілдердегі етістік түбірлері де, грамматикалық формалары да о баста бір негізден өрбіген.

Салыстырмалы-тарихи тіл білімінің қалыптасуына қосылған үлкен үлес – Фридрих Шлегельдің «Үнділіктердің тілі мен даналығы жөнінде» атты еңбегі (1808 жыл). Ол дүние жүзі тілдерін флективті және аффиксті тілдер деп бөліп, флективті тілдер қатарына санскрит, латын, грек, парсы және герман тілдерін жатқызады және бұл тілдерді тіл дамуының көрсеткіші ретінде айқындайды. Осы еңбегінде Ф.Шлегель алғаш рет үнді-герман тілдері терминін қолданады.

Индиядан бастап Европаның біраз жеріне таралған көп тілді бір семьяға жатқызып, «үндіевропа семьясы» деп атауға және олардың арғы тегі бір деп тұжырымдауға алғашқы себептің бірі еді. Сөйтіп XIX ғ. бас кезінде үндіевропа тілдері семьясы бар екені анықталды.

Дания ғалымы Расмус Раск салыстырмалы-тарихи тіл тәжірибелерін солтүстік герман тілдерінің (скандинав) нақты мысалдары негізінде қорытындылайды. Расктың тұжырымдауынша, тілдер туыстығында мынадай заңдылықтар негізге алынуы тиіс:

- 1) Тілдер туыстығын танытатын басты белгі – грамматикалық сәйкестіктер.
- 2) Ортақ белгісі бар екі тілдегі сәйкестіктер, сол тілдердің формалары (жалғаулар) мен құрылымдары
- 3) Тіл фактілерін жақын және алыс туыстас тілдерімен сатылай зерттеу қажеттілігі.

1.1 Терминдік қор қалыптастырудың тарихи негіздері

Түркі терминологиясының қалыптасу тарихы, қазіргі жағдайы мен міндеттері қарастырылды. Сонымен бірге аталған кезеңде түркі терминологиясы мәселелерінің зерттелуі мен осы уақытқа дейін атқарылған терминологиялық жұмыстар үйлестірілді. Түркі тіл білімі, оның ішінде, татар, қырғыз, өзбек, әзербайжан, қазақ, башқұрт тіліндегі терминаным жүйесінің зерттелу жайы кезең-кезеңімен сараланып, жүйеленді. Түркі тілдеріндегі терминжасам тәсілдерінің ғылыми-теориялық базасы айқындалды.

Терминанымның өзектілігі – түркі тектес халықтардың тарихын, мәдениетін, әдебиет пен өнерін танып білумен, олардың қоғамдық, генетикалық ерекшелігімен, түркілік тектерімен тікелей байланысты екендігі анық.

Қазіргі түрік тектес түрікмен, өзбек, қырғыз, ұйғыр, осман, татар, башқұрт тағы басқалары әрісі біздің дәуірден төрт мың жыл бұрын берісі біздің заманнан VI-V ғасыр бұрын мәдени құндылықтары ортақ, бір тұтас рухани кеңістікте алты миллион шаршы километр территорияны өз биліктерінде ұстаған халық болатын.

Түрік тайпалары ұдайы өсіп, жұртына, малына жаңа өрістер іздеп бір-біріне кейде қарсы тұрып, кейде бірігу арқылы кең байтақ далаға билік құрды. Соның нәтижесінде XX ғасырдың бірінші ширегіне дейін 16 империя, жүздеген хандық пен әмірлік түрінде басқару жүйесін дүниеге алып келді. Сөйтіп билікке қол жеткізген түрік тайпалары басқа тайпаларды да қол астына алып, билігін жүргізген.

Әрине, азаттықта өмір кешуді қалайтын түріктер ұзақ уақыт бағынышты күйде тіршілік етулері мүмкін еместі. Себебі кең даланың алуан түсті көк жиегі оларды қашанда жаңа өріске шақырып, шексіз бір қиял әлеміне жетектеп отыратын. Соның салдарынан түріктердің жеңісі ынтымағында болса, жеңілістері де өздерінің алауыздығынан көрініс тауып келді.

Сондықтан тарих сахнасында түріктер империялар мен хандықтардың туын өз қолдарымен тікті. Дәл солай желбіреген билік туларын да өз қолдарымен құлатты. Бұл байламның айғақтарын XIV-XV ғасырлар аясында болған Селжұқ, Харезм, Әмір-Темір әулеттері, Сәфәви, Османлы империялар арасындағы қақтығыстарынан таба аламыз. Түріктердің таққа талас әрекеттерінің нәтижесінде XV ғасыр соңы мен XVI ғасырдың басында түріктер көптеген ұлыс-ұлыстарға бөлініп, сыртқы отарлау күштерінің жемтігіне айналды. Қазақ хандығы да алауыздықтың кесірінен 1466 жылында құрылып, түркі дүниесінен бойын ажырата бастаған-ды.

Түріктер кезінде батыстағы Үнді теңізінен қазіргі Орталық Азиямен қоса Сібір-Алтай аймақтарын өз уысында ұстай отырып Қытай, Ресей, Үндістан, Кашмир, Иран, Рұм, Сирия мен Мысыр елдеріне де сән-салтанат құрып билік еткен халық. Олардың түрлі

психологиялық, дүниетанымдық, тұрмыстық, экономикалық сынды түрлі себептерге байланысты империялық жүйесі құлай бастады. Мәселен қазақ хандығы 1847 жылы соңғы ханы Кенесарының қазасымен бірге хандығы саяси жүйе ретінде жойылды. Үндістанда Әмір Темір әулетінен шыққан Бабыр империясы 1858 жылы күйреді. Сондай-ақ 1923 жылы османлы империясының құлауымен түрік империясы толықтай тоқтатылды. Артынша Мұстафа Кемал Осман империясының қирандысының үстіне тәуелсіздік туын желбіретіп «Түркия» атауына ие жаңа республикасының дүниеге келгенін жариялады. Осылайша «түрік» есімін тарих сахнасында халық жадында сақтау мақсатында Мұстафа Кемал «түрік» есімін Осман әулеттеріне берді. Османлылардың «түрік» атануы Кеңес одағында пайда болған «түркі» сөзімен ажыратыла бастады. Яғни «түркі» сөзі түрік тектес халықтарына Түркияның халқымен шатасып кетпеу үшін қолданылды. Сондықтан түрік тектес халықтарын «түрік» немесе «түркі» деп атау қазақ терминінің шешімін күтеді. Әйтпесе осы екі ұштылық өз жалғасын таба бермек.

Кеңес одағы күйрегенше «Түркия» түрік халықтарының соңғы үміт ошағына айналғандығы да шындық. Ал, қазіргі кезде өтпелі-төкпелі кезеңдерді бастарынан өткізген түрік халықтарының жеті тәуелсіз мемлекеті (Түркия, Қазақстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Әзірбайжан, Қызғыз елі, Кипр түрік республикасы) бар. Бірақта Кипр түрік республикасын Түркия мемлекетінен басқа ешбір ел ресми түрде оның тәуелсіздігін мақұлдаған емес. Сондай-ақ бірнеше автономиялық республикалар болып жаһан картасында орындары айқын көрініс тапқан.

Түрік халықтары дегенде олардың ортақ тілі, мәдениеті болғаны да анық. Сондай-ақ оларға «түрік» атауын қалай, қашан берілгендігі жайындағы ғалымдардың зерттеу қортындысына тоқталған жөн.

«Түрік» сөзі түрлі әдебиеттерде, қилы замандарда өзгеше мағыналарға ие болған. Мәселен Қытай жазба деректерінде «Түрік» – дулыға, кейбір мұсылман әдебиеттерінде – тасталған, ержеткен шағы, теңіз жағалауында отырған адам сияқты мағыналармен қолданылған.

Түріктанушы ғалым А.Вамбери «түрік» сөзі «Türemek» етістігінен шыққан түрік сөзі екендігін айтқан. Оның қазақ тілінде қолданылып келген «Төре» «бір тектес жанның, нәрсенің жақсысы, асылы» ұғымында болуы әбден ықтимал.

Түрік ғалымы Зия Көкалып «түрік» сөзін Törelі /Türelі заң, салт, тәртіпті мағнадағы сын есімнен шыққан зат есім екендігін алға тартады. «Түрік» сөзі түрік халықтар арасында күш, қуат мағынадағы зат есім, ал сын есім түрінде күшті, қуатты ұғымдар берген. Осы мағыналарға сәйкес тарих барысында бір елдің есіміне айналған деген пікір ғалымдар тарапынан айтылады. Бұл көзқарасты алғаш рет шығыстанушы А.В.Ле Соғ тілге тиек еткен.

Одан кейін көктүріктердің сына жазбаларын бірінші болып оқыған В.Томсын тарапынан құпталды. Артынша неміс түріктанушы Г.Неместің зерттеулері негізінде дәлелденіп бекітілді.

Түрік сөзін мемлекеттің атауына тұңғыш рет көктүріктер (552-742) енгізді. Одан кейінгі тарихта түрік тектес халықтарынан жеке-дара әйгілі тұлғалар шығып құрған империялары өздерінің есімдерімен аталып жүрсе де олардың түрік тегінен екендігін әлем жұрты мойындап қойған-ды. Мәселен Қарахан (942-1123), Селжұқ (1040-1157), Әмір Темір (1370-1405). Сондай-ақ Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр құрған Бабыр империясы (1526-1858) тарих беттерінде өз аттарымен аталып жүрсе де олардың түрік тегінен болғандығына ғалымдар күмәндана қарамайды.

Түріктер XI ғасырдан Алтай, Орта Азия, Жетісу, Сыр бойы, Сары дала «Қыпшақ даласы», Персия, Кавказ тағы басқа жерлермен қоса кең байтақ елді биледі. Олардың саяси билігінің ауқымды болуына байланысты тілі мен мәдениеті де кең тарады. Сол себептен Шыңғыс хан империясының биліктегі ұрпақтары түрік мәдениетін бойына сіңіріп, түркіленіп кетті (Осы тұста айтарымыз кейбір ғалымдарымыз Шыңғыс ханның әкесі – Меркіт, анасы – Қоңырат тайпасынан болғандықтан әрісі түрік берісі қазақ екендігін алға тартады). Моңғұлдардың түркіленіп кетуі соншалық зор болғандығынан Шыңғыс ханның ұлы Шағатай түркі тілінде сөйлеп, ұрпақтары түркіленіп кетуіне байланысты да түріктердің бұрыннан қолданылып келе жатқан тілін кейінгілер «Шағатай тілі», – деп атап кетті. Сонымен қатар түркіленіп кеткен Моңғұлдар түркі әдебиеттерінде «моғол», – деп өзгеше аталады. Тіпті түрік Берлес (Біллес) тайпасынан шыққан Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың империясын аймақтың тарихын терең белмейтін ғалымдар жансақ түрде оны «Моғол империясы», – деп атап жүргенін де айта аламыз. Бұл қателік күні бүгінге дейін Ресей мен Еуропа тарихтарында бәз баяғы қалпында өз жалғасын тауып келе жатыр. Оның екінші себебі батыстың отарлау ұстанымы себепті түркінің есімін тарих беттерінен жою саясаты жүріп жатты. Бұл жайында тағы бір айғақты кейінірек ұсынамыз.

Шыңғыс ханның ұрпақтары байырғы түркілермен араласып бір елге айналып кетуіне қарап кейбір зерттеулерде қазіргі түрік халықтарының тегін моңғұл-түрік деп те атайды. Дегенмен түрік халықтары тарих сахнасына шыққан соң өздерін «Түрік елі», – деп атады. Бірақта VII-IX ғасырларда парсылар түрік елін «Түркістан», – деп ат қойған-ды. Сол себепті «Түркістан» атауы ел ішінде көбірек тарап кетті. «стан» парсы тілінің мекен, жәй, қоныс деген ұғымды білдіретін зат есімге жалғанады. Мәселен – Тәжікстан (тәжіктер қонысы), Ауғанстан тағы басқалар. Осыдан кейін Арабтарда, өзге де елдер түріктер жұртын «Түркістан», – деп айтып, жазып жүрді. Яғни IX-X ғасырларда «Түркістан» атауы жағрафиялық һәмде этнографиялық ұғым ретінде Каспий теңізінің шығысынан, Жейһуннің

(Амудария) арғы жағынан Алтай тауларына дейінгі кеңістікті қамтитын территорияны көз алдымызға елестететін болды.

Түркістан территориясын Алатау таулары (Тәңір таулар) табиғи дуалдай батыс және шығыс деп екіге бөледі. Батыс Түркістан ХІХ ғасырдың соңы ХХ ғасырдың бастапқы кезеңде Ресей боданына ілікті. Әлем картасына Орталық Азия немесе Орта Азия және Қазақстан, – деген атпен жазыла бастады. Ал, Шығыс Түркістан Қытай құрамына енді. Қытай үкіметі шығыс Түркістанды «Шыңжаң», яғни «Жаңа өлке», – деп атады. Қазіргі Қытайдың Шыңжаң бұрынғы Шығыс Түркістанда түрік тектес ұйғыр, қазақ, қырғыз, өзбек, татар халықтары тұрады. Қазақтардың негізгі қонысы Алтай, Тарбағатай, Іле аудандары болса да кейінгі жылдары Үрімжі сынды үлкен қалаларға шоғырлана бастады. Екінші жағынан Кеңес одағы ыдыраған соң Қытай үкіметі шығыс Түркістан өлкесінде қытайлықтарды миллиондап көшіру саясатын жолға қойды. Көптеген индустриялық кәсіпорындар пайда болуына байланысты аймақта экономикалық даму қарқыны күшейді. Соған орай қазақтарда тіршілік ету үшін амалсыз экономикалық нарық бәсекесіне түсті. Әйтпесе әлеуметі төмен қоғам болып қала беретінін білді. Шыңжаң аймағындағы экономикалық-қоғамдық өзгерістер Қытай билігі үшін қытайландыру саясатының ең оңтайлы құралы болғандықтан сондағы түрік халықтары өздерінің ұлттық болмасын сақтап қалуға өзгешелеу, парасатты саясатты қолға алуға тиіс. Бұған Қазақстан Республикасының үкіметі де мүдделілік таныта қойса құптарлық шаруа болмақ. Әйтпесе қаймағы бұзылмаған Қытай қазақтары жақын болашақта Ресей қазақтарының кейіпіне түседі. Олар қалай орыстанып кеткен болса одан қалыспай қытайланып кете беретіндері анық.

«Түрік» сөзі көктүрік империясының құрылған 552 жылынан бастап, тілі бір, ділі бір тайпалардың елдік ортақ атауына айналып, біртұтас елдің болмысын бейнеледі. Ал, одан бұрынғы тарихында қандай атауға ие болған деген заңды сұрақ пайда болады.

Археологиялық зерттеулер арқылы ғалымдар түрік тайпаларының тарихын б.з.д. ІV мың жылдығында өзіне тән ортақ өркениеті болғандығын дәлелдеп берді. Ал, жазба деректерде Түркістанның жағрафиялық, этнографиялық атауы «Тұран» деп жазылған. Біздің заманға дейінгі VI-V ғасырда жазылған «Әвеста» жазбалары соның бірі. Онда түркі даласы «Тұран» деп аталады. Оның патшасы «Афрасияб – Апрасиаб» (Алып Ертоңа) екендігін жазады.

Иранның ежелгі тарихын жырына өзек еткен Әбілқасым Фирдауси Шаһнаме дастанында «тұран» атауының шығу тегін: «Иран патшасы Ферейдун Сәлем, Тұр, Ирәж атты үш ұлы болған. Тұрды түріктер мен Шынның билеушісі етіп, оның өлкесін «Тұран», – деп атаған. «Тұран» сөзіндегі «ан» жалғауы «мекен» деген ұғымды білдіреді. Сәлімге Рұммен

батыс елін сыйлайды. Ал, Ирәжды Иранмен Систан тағына отырғызады». Фирдаусидің айтқанына илансақ түріктер мен парсылар туыс халықтар.

Қазақ ғалымы Қойшығара Салғараұлы «Тұр» мағынасы жерге аяғын тік басқан тіршілік иесіне, соның түр-кескініне, қимыл-әркетіне, тұрақ-мекеніне қатысты ұғымдарды білдіреді. «Түрік» осы Тұрдың жетілген, қоғамдық формасы, кейін ол «Тұр» атты адамдар тобы өздерінің ақылы, танымы, түсінігі, түйсігі жетілуі арқылы ру-тайпаларға, ұлыстарға бірігіп, одан халықтық атауына айналған деген пікір айтады.

Қорыта айтқанда түрік халықтары біздің заманнан бұрынғы ғасырларда тарих сахнасында ұлы империялардың ізін қалдырған Сақ, Скиф, Масагат сынды императорлықтар түрік тектес халықтар екендігіне тарихи зерттеу жұмыстардың нәтижелері дәлелдейді. Соның бірі сақтардың империясының тұсында Тұран елінің патшасы болған Афрасиаб. Оның Иран жұртымен шайқастары тарихнамаларда көп жазылған. Парсылар Тұран патшасын Афрасиаб деп жазған. Ал, түріктер оны «Алып Ертоңа» дейді.

Түріктер тарих арнасында толқындай бірде биіктеп, бірде құлдырап ылғида қозғалыста болып келген ел. Олар XIV-XV ғасырлар аясында тақталастың кесіренен бөлшектеніп жаңаша сипаттағы ұлт-ұлыстарға бөліне бастады. Соның бірі 1466 жылы құрылған қазақ хандығы екендігін айта аламыз. Сондықтан түрік тектес халықтарының ғылым, әдебиет, мәдениет және өнер туындылары XV-ші ғасырға дейін олардың ортақ дүниелері болып есептеледі. Яғни XX ғасырға жуық уақыт аралықта пайда болған мәдени құндылықтар олардың ортақ рухани қазынасы болмақ. Қазіргі кезде әрбір түрік тектес халық сол дәуірдің игі табыстарынан өз үлестерін алуға, сол өткенімен болашаққа қарауға, түркілік құндылықтардың ортақтығына қарап түркі дүниесінің ынтымақ пен бірлігіне ат салысуға толықтай құқығы бар демекпіз.

1.2 Түркі терминологиясы дамуының әдіснамалық негіздері

Түркі тіл білімінде қалыптасқан терминологиялық орталықтар мен ұйымдардың терминологиялық жұмыстары мен терминтану мектептерінің ұсынған терминологиялық концепциялары талданды. Бүгінде қайта жаңғырған Алаш зиялыларының еңбектері қазақы таным мен түркілік, әлемдік мәдениетке сүбелі үлес қосуда. Алаш зиялыларының қай-қайсысы болсын, ұлтқа барын салып қызмет етуді басты мұрат еткен. Мұны олардың, ең алдымен, білім мазмұнын жетілдіруден бастағаны белгілі. Термин мәселесінде бөле-жара Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерін айтуға болады.

А.Байтұрсынұлы «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914), «Әліпби» (1914), «Жаңа әліппе» (1926-1928), «Баяншы» (1926), «Әдебиет танытқыш» атты оқулықтар, Телжан Шонанұлымен бірге «Оқу құралы» (1926-1927) деп аталатын хрестоматиялық көмекші оқу

құралдарын жазды. Қазақ тілінде оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, жағырапия, шаруа-кәсіп, жаратылыс, т.б. ғылым салалары жайынан пайдалы мағлұматтарды білім беру жүйесінің ең тиімді жолын пайдалана отырып берді.

Термин жоқ жерде пайда болмайды. Жалпы термин теориясына бойлағанда, белгілі бір терминнің пайда болуыны оқиға не ұғымдар жүйесі қажет. Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұхтар Омарханұлы, Құдайберген Қуанұлы, Телжан Шонанұлы, Мағжан Бекенұлы, Міржакып Дулатұлы сияқты ұлт зиялылары туған халқының интеллектуалдық деңгейін ұғымдар жүйесімен негіздеп, әр саладағы жекелеген ұғымдық жиынтық сөздерді мағыналық, әрі іс-тәжірибелік тұрғыдан әрі қарай дамыта түскен. Бүгінде аталмыш оқу құралдарын зерделеп отырып, олардың әдістемелік тәсілдерінің қарапайымдылығына һәм нәтижелілігіне тәнті боласың. Қазір не көп, оқытудың сан салалы тәсілдері көп. Солай бола тұра мектеп оқулықтарында оқушыға қажетті мағлұматтар жоқ. Білім мазмұнына қатысты педагогтар оқытудың дәстүрлі /репродуктивтік/ және құрылымдық /конструктивтік/ тәсілдерін сарапқа салып тартысады. Әлбетте, бұл білім беруге қатысты жайттар. Бұл мәселеде едәуір ілгерілеген де шығармыз. Бірақ одан нәтиже болмай отыр. Неге? Негесі сол, біз білім беруді айта береміз де сол білімнің өзін сөз етпейміз. Білім мазмұнын түрлендірудің, жетілдірудің жолдарын айтамыз, білім мазмұнын айтпаймыз. Оқулықтарымызда кез келген түсініктің жүздеген анықтамаларын береміз де бірде-бір қасиетін айтпаймыз. Қазіргі мектептердегі оқытылып жатқан оқулықтардың да басты проблемасы осы. Осы тұрғыда алаш зиялылары жазған оқулықтардың басты артықшылығы олар білім берудің түрлі тәсілдері мен әдіснамалын емес, білімнің басты қасиетін ғана беруді ұстанады. Нәрсенің көптеген құрғақ анықтамаларын емес, бала санасына қонымды жалғыз қасиетін айтады. Және оны баланың баба тілінде қарапайым ауызекі сөзбен жеткізеді. Осылайша ондай оқулықтар оқушының егіз қозыдай ажырамас досына айналады.

Мысал ретінде Ахмет Байтұрсынұлының 1926 жылы Қызылорда қаласында баспа бетін көрген «Әдебиет танытқышын» айтуға болады. Бүгінде бұл оқулық әдебиетті қазақша танытатын бірден-бір классикалық мұраға айналды. Оқулық дейтін себебіміз, автор, әрбір ұғым түсінікті баяндай отырып, «нұсқалықты қараңыз» деп ескертіп отырады. Бұдан, «Әдебиет танытқышты» Ахмет Байтұрсынұлы оқулық және нұсқалық /хрестоматия/ түрінде екі кітап етіп, білім беру жүйесіне оңтайлап, арнайы жазғандығы мәлім болады. Алайда, оқулықпен қауышқанымызбен, нұсқалық әзірге табылмай отыр.

Айта кету керек, «Әдебиет танытқыш» соңғы кезде ірі теориялық еңбек ретінде де ғалымдар назарына ерекше ілігіп жүр. Алайда, мұның өзі бұл оқулықтың орта және жоғары мектеп оқушыларына әдебиетті танытқыштық қызметіне мүлде кедергі келтірмейді. Бір жағынан алғанда бұл, қазірде жиі айтылып жүрген, білім берудегі оқушылардың

зерттеушілік қабілетін арттыруға да таптырмайтын құрал. Қазақ халқының әліппесі Алланың кітабы – Құран әріптерімен үндес екенін дәлелдеп кеткен А.Байтұрсынұлының бұл ғылыми жаңалығының мәнін біз әлі толық мойындамай келеміз. Оның үстіне бұл – ғылыми мәні зор, мұсылман елдеріне үлгі болатын бірден бір дәйек.

Бүгінгі ғалым-тілшілер қолданып келе жатқан лингвистикалық парадигмалар, А.Байтұрсынұлына тиесілі зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, сөйлем, қаратпа сөз, қыстырма сөз, леп белгісі, сұрау белгісі, т.с.с. “пән сөздері”. Әрқайсысы сол өзі атауы болып тұрған категорияның мағынасын дәл білдіріп тұр. Бұлардың осыншама уақыт бойы, авторы аталмай, қолданылып келгені – ғалымның ғылымға енгізген жаңалығының тарих сынынан өткен лингвистикалық дәлдігі және еңбегінің зая кетпегенінің тағы бір дәлелі.

Көріктеу, меңзеу, ауыстыру (метафора), кейіптеу, пернелеу, әсірелеу, шендестіру, дамыту, түйдектеу, сұрай арнау, зарлай арнау, жарлай арнау, теңеу, алмастыру (метонимия), қайталақтау, бүкпелеу, мінәжат, намыс толғау т.с. – бұның бәрі 1926 жылы жарияланған “Әдебиет танытқышта” ұсынылған. Мұхаммед Хайдар Дулатидің “Тарих-и Рашиди” (14-16 ғғ.) еңбегі: “Хақ жолындағылар тарихы” деп аталса, оның соңы “Алла Тағалаға мінәжат айтумен” аяқталады. Кеңес кезінде өшірілген бұл мінәжат жанры туралы мәлімет А.Байтұрсынұлының “Әдебиет танытқышында” ғана кездеседі. Бұл да түркілік терминдерге негіз болар жайт деп білеміз. “Әдебиет танытқыш” деп атаудың өзінде үлкен мағына бар. Әдебиет – сөз өнері болса, оны халыққа түсіндіріп, оның көркемдік ерекшеліктерін, адамгершілік, кісілік, яғни, имани, рухани сипаттарын таныту әдебиетшілердің, зерттеушілердің қасиетті парызы екенін А.Байтұрсынұлы осы екі сөзбен ғана түсіндіріп кетті.

“Нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері. Бұл сөз өнері болады. Қазақша – асыл сөз, арабша – әдебиет, еуропаша – литература”. Және оның басқа ғылымдардан айырмашылығын айта кетеді: “Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді”.

“Әдебиет танытқышта” белгілі әдебиет терминдерінің қазақша баламасы көңілге қонымды әрі сәтті түрде қолданысқа енгізілген. Әр категория өзінің логикалық дамуы, қалыптасқан жүйесі бар түсінік ретінде айқындалады. Мысалы: “Байымдаманың зор мүшесі төртеу: бастамасы, ұсынбасы, баяндамасы, қорытпасы”. Яғни, әр тұжырымның ішкі заңдылықтары ашылып, парадигма ретінде дәлелденеді.

Қара сөз бен дарынды (көркем) сөздің айырмашылығын Ахмет Байтұрсынұлы нақтылап көрсетеді: “Қара сөз әдебиетте пікір, сүлде түрінде айтылады. Дарынды сөзде пікір сурет түрінде шығады, яғни, сүлде үстіне өң, ажар, жан, мінез, қылық беріліп, тұрпайы тұлға, түс, бітім, тірі нәрсе болып шығады. Сондықтан да дарынды сөз – көркем сөз деп аталып, қара сөздер – жалаң сөздер деп айтылады”. Ғалым мұнымен шектелмей, осы екі түрлі сөзді қалай тануды, олардың дұрыстығын қалай айқындауға болады деген сауалдарға жауап береді: “Қара сөздің сынында пікір дұрыстығы, істің растық жағы тексерілсе, көркем сөздің сынында пікір дұрыстығының үстіне пікірге берілген сурет, сұлулық жағы да тексеріледі. Көркем сөзді әрі сүлде, әрі сурет – екі жағынан да тексеруге тиіс болғандықтан, оның сынында мынандай сұраулар боларға керек”.

Ахмет Байтұрсынұлы ғылыми түсініктің негізін жалғастырып, нақтылай түседі. Демек, қара сөз “шығарманың сүлде жағының сыны” болса, көркем сөзге басқа міндеттер жүктеледі: 1. “Мазмұны дұрыс па? Мұрат қалып па? Кейіп қалып па? Бұл – шығарманың сүлде жағының сыны. 2. Көркем сөз табына шын қосарлық сөз бе? Қиял жасаған тұрпаттар, ойдан үйлестірілген оқиғалар пікір санасына тура келіп, дұрыс суреттеп, өндендіріп көрсете ала ма? Тілі өрнекті ме? Әуезді ме? Лұғаты таза ма? Анық па? Қысқасы ойды өрнектеп, көрнектеп, суреттеп көрсеткендей тілінде шеберлік бар ма? Ақылдың андағанын, қиялдың меңзегенін, көңілдің түйгенін тілі дұрыс жеткізе алған ба?”. Әдебиет теориясындағы стиль, әдеби тіл, талдау, көркемдік, сюжет деген категорияларды Ахмет Байтұрсынұлы осылай түсіндіріп кетті.

Көркемдік түсінігінің, көркем шығарманың белгілері қандай деген сауалға Ахмет Байтұрсынұлы екі түрлі талап қою керек екенін айтады: “Көркем сөзде екі тысқы, екі ішкі сын болады. Тысқы сындар: 1) Тілдің лұғатының сыны, яғни, тілдің дұрыстығы, анықтығы, тазалығы, дәлдігі, көрнектілігі, әуезділігі, өрнектілігі жағының сыны”. Яғни, шығарма тілінің стильдік ерекшеліктері, бүгінгі лингвистикалық талдауға сай тысқарғы жағын бөліп айтады. Ғалым бұдан ішкі сындарды бөліп алады, демек, бұл әдебиеттану, әдебиет теориясының еншісі, теориялық талдаудың объектісін нақтылайды: 2) “Суретінің сыны: кестесін келтіріп, ұнасымды түрде үйлестіріп, суреттеуінің сыны. Ішкі сындар: 2) Алынған мінез, айтылған қылық, көрсетілген қалып, жан жүйесінің жөнімен қарағанда, дұрыс, бүтін шығу, шықпауының сыны. 2) Өмір жүзінде айтылған нәрсенің болатындығының себебін дұрыс көрсеткен-көрсетпегенінің, адам қауымындағы қалып түзелу жағына әсер етерлік (пайда-зиян келтірерлік) қуаты бар-жоғының сыны. Көркем сөзді сынағанда, әдебиет түрінің осы төртеуі түгел жұмсалады”.

Мектептегі әдебиет оқулықтарында әдебиет ұғымы мен ондағы түрлі жанрлық категориялар жоғары сыныптарда өтіледі. Ал университеттерде керісінше төменгі

сыныптарда өтеді. Бірақ, екеуінде де ешқандай жаңашылдық жоқ - бұрынғы кеңестік тәсілдің көшірмесі.

Түркі терминдерінің ғылыми негіздері жайлы сөз болғанда, әсіресе, әдебиеттануға қатысты терминдер жөнінде 1926 жылы жарық көрген «Әдебиет танытқышта» да көрініс табады. Ғалым термин мәселесіне сөз бен ұғымның қисындық үйлесімі тұрғысынан келеді. Ахмет Байтұрсынұлы әдебиет оқулығының бірнеше артықшылықтарын санамалап келтірейік:

«Әдебиет танытқыштың» құрылымдық ерекшелігі – тараулардың, әрбір жана сабақ тақырыбының, жекелеген тұжырымдардың реті бір-бірінен туындап отыратын қисындылығында. Ал тақырыпты түсіндіру, баяндау тәсілінің бірден-бір ерекшелігі – нәрсенің анықтамасын айтудан бұрын оның қасиетін айтатынында. Яғни, кез-келген тақырыпты түсіндіру барысында біз үйреншікті дедуктивті әдіспен емес, көбіне сол дедукцияның өзіне негіз болып келетін жолды ұстанып, нәрсенің анықтамасынан қасиетіне қарай емес, керісінше, нәрсенің қасиетінен анықтамасына қарай баяндалады. Және оны пәлсапалық һәм филологиялық ұғым-түсініктердің ішінде - қарапайым түсінікті тілмен дәл әрі шумақтап (обобщение) беріледі. Мәселен, оқулықтағы роман, повесть, әңгіме жанрларын түсіндіру тәсілі осыған дәлел бола алады. Романды – ұлы әңгіме, повесті – ұзақ әңгіме, әңгімені – ұсақ әңгіме деп әрбір жанрдың атауында оның мазмұны мен формасын қатар түсіндіріп кетеді.

Әдебиетті түсіндіргенде оқулықта ең алдымен осы сөздің өзін анықтап алу мақсат етілген. Алғашқы тақырыптан бастап әдебиет ол - өнер, сондықтан өнердің өзін түсініп алалық дейді де оны өте ұғынықты, қарапайым сөзбен баяндап береді: «Өнер түрлі болады. Біреулер үй салады, арық қазады, етік тігеді, арба істейді, киіз басады, ыдыс істейді, тағысын тағы сол сияқты шаруаға керек нәрселерді жасайды. Біреулер көрікті мешіт, көрнекті там, көркем сурет салады. Әдемі ән, әсерлі күй, ажарлы сөз шығарады. Алдыңғы өнер мен соңғы өнердің арасында айырым бар. Алдыңғы өнерден шыққан нәрселер күн көру ісіне керек шаруа керек-жарақтары. Мұны істегенде, сұлуынан жылуы дегендей, көркем болуын көздемейді, тұтынуға қолайлы, жайлы, берік болу жағын көбірек көздейді. Екінші өнерден шыққан нәрселер, жылуына гөрі сұлу болуы көбірек көзделінгендіктен, көзге көркем, көңілге жағымды болып істелген нәрселер; алдыңғы нәрселер адамның мақұлықтық жан сақтау керегінен шыққан нәрселер; соңғы нәрселер адамның жан қоштау керегінен шыққан нәрселер. Сондықтан алдыңғы нәрселерді жасауға жұмсалатын өнер – тіршілік үшін жұмсалатын тірнек өнері болады да, соңғы нәрселерге жұмсалатын өнер – көркемшілік үшін жасалатын көрнек өнері болады».

«Әдебиет танытқыштың» білім беру тәсілінде алдымен күрделі тақырыпты ұғындырып алу көзделеді. Сол арқылы баланың талғамын қалыптастыру. Көркем дүниеге деген биік талғам қалыптастырған оқушы үшін кез келген тақырыпты талдау зәредей қиындық тудырмасы анық. Осы ретте Байтұрсынұлы сөз өнерінің барлық өнердің сұлтаны екенін айта отырып, биік талғам қалыптастыратын ақындардың өлеңдерінен мысал береді.

«Әдебиет танытқыш» оқушыны қисынды ойлай білуге үйретеді. Біз көбіне көркем сөз, көркем шығарма, көркем туынды дегенді жиі айтамыз. Алайда, оқушыларға сол көркемдік қайдан келгенін айтпаймыз. Оны түсінбеген оқушы әдебиеттің түрлі теориялық анықтамаларымен басы қатып жатады. Байтұрсынұлы оқулығы анықтаманы оқушының өзіне шығартуға үйретеді. Бірінші өнердің қасиетін түсіндіреді. Осыдан оқушы сұлулық, көркемдік дегендердің өнерге қатысты дүние екенін түсінеді. Содан соң барып, тілдің міндеті қандай, сөздің қасиеті қандай, сөз өнері деген не? деген мәселелерді қозғайды. Осы тақырыптардан соң барып әдебиетке келеді: «Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты шығарма сөз, ол аты қысқартылып көбінесе шығарма деп айтылады. Ауыз шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын, бәрі шығарма болады. Шығарманың түрлері толып жатыр. Оның бәрін шумақтап бір-ақ атағанда арабша әдебиет, қазақша асыл сөз дейміз». Адамға рухани қажеттілік – сөздің асылы ғана дегенге саяды.

Терминдердің мағыналық шеңберіне қатысты келесі бір ерекшелік – бір тақырып аясындағы түрлі мәселелердің ішкі бірлігі. Әдетте, біз оқушыларға сюжетті бір тақырып, композицияны бір тақырып, олардың ішіндегі түрлі бөліктерін жеке-жеке тақырып етіп түсіндіреміз. Мұнда керісінше, барлығын бір ойдың желісімен түсіндіріледі. Мәселен кітапта: «Шығарманы жазбас бұрын, қандай мәселені оқушыларының алдына тартпақшы, сол туралы аз ба, көп пе ойлайды. Сан ой, сан алуан пікірлердің ішінен біреуін негізгі ойының қазығы етеді. Сол шығарманың тақырыбы болып саналады» дейді де, ал шығармадағы негізгі пікірдің (идеяның) үстемдігі жөнінде: «Қандай шығарма болсын, белгілі бір идеяны үндейді дедік. Тақырып, оқиға, және оның құрылысы, шығармада қатысушылардың араларындағы тартыс, оларды суреттеу әдістері, түптеп келгенде – жазушының сол шығармадағы айтайын деген идеясына бағыныңқы» деп көркем шығарманың тақырыбы ауқымды әрі қарапайым түрде түсіндіріледі. Онан соң сөйлеудің түрлері «жай сөйлеу», «аралас сөйлеу» деп қарапайым мысалдармен беріледі.

Термин сөздердің негізін ұғындыру образдап берілген. Бұл да терминтанымдағы басты ерекшелік. Кез-келген ұғым түсінікті қазақы дүниетаныммен, образдап, салыстыра отырып беруі. Бұл оқушылар үшін өте тиімді тәсіл. Әсіресе, тақырыпты есте сақтау тұрғысынан. Мәселен көркем туынды қалай жазылады. Бұл өте күрделі мәселе. Кітапта мұны түсіндірудің ең төте жолы оқушы түсінігіне лайықтап берілген. А) «Дыбыстың, сөздің, сөйлемнің сыр-

сыйпатын тану, заңдарын білу – бұл үйге керек заттардың сыр-сыйпатын білу сияқты нәрсе. Керек заттарын сайлап алып, үй салуға кірісу – дыбыстың, сөздің, сөйлемнің жайын біліп алып, солардың әрқайсысын дұрыстап орнына жұмсап, пікірлі әңгіме шығаруға кіріскен сияқты болады».

Ә) «Топырақтан иленіп кірпіш жасалған сияқты, дыбыстан құралып сөз жасалған. Үйдің түрлі болып шығуы балшығынан, кірпішінен, әсіресе қалауынан болатыны сияқты, әңгіменің түрлі болып шығатыны тілдің дыбысынан, сөзінен, әсіресе сөздің тізілуінен»

Б) «Өлеңнің ұнасымы неден болады? Өлең ғана емес, нәрсенің көбі-ақ жарастығымен ұнамды көрінеді. Нәрсенің көбі-ақ, негізінде, бірдейлігімен, реттілігімен жарасып, ұнамды болады. Екі құлақ, екі көз – сол сияқты дененің қос мүшелері – екеуі бірдей болса, жарасып, ұнамды көрінеді. Қоралы қойдай шоғырланып, бет-бетімен жүрген солдаттан, сап түзеп, қатар тұрған жарасып, көзге ұнамдырақ көрінеді».

Ахмет Байтұрсынұлы бір мәселені ұғындырғанда оны түсіндірудің барлық тәсілдерін қолданады. Оқулық сонысымен ерекшеленеді. Оқушы есінде жаңа дәріс ұмытылмастай сақталады. Бір тақырыптың негізімен бірге іс-тәжірбиелік жағын өмірмен байланыстыра баяндап береді. Мәселен, көркем сөзді түсіндіре отырып, оны кімдер қолданатынын да жан-жақты айтып өтеді: «Ақындар ғалымдар сияқты болған уақиғаны, яки нәрсені болған күйінде, тұрған қалпында бұлжытпастан айтып, дұрыс мағлұмат беріп, қақиқаттануға тырыспайды, тұрған нәрсе тұрған күйінде, болған уақиға болған күйінде ақынға өте үйреншікті, жай қалыпты, жабайы көрінеді. Оның бәрін ақындар өз көңілінше түйіп, өз ойынша жорып, өз ұйғаруынша сүгіреттеп көрсетеді. Сол өзі ұйғарған түріндегі ғаламды сөзбен көрсетуге бар өнерін, шеберлігін жұмсайды, сүйтіп шығарған сөзі көркем сөзді шығарма болады».

Термин мәселесінде бірде-бір грек, латын не болмаса орыс сөзін қолданбайды. Барлығын қазақы дүниетанымнан, әрбір сөздің өз түбірінен, өз төркінен алып, соны термин етіп түсіндіреді. Бұл да оқушының өзіндік туа бітті жаратылысына лайық, ақылына қонымды тәсіл. «Мінездері ұқсас бірінғай, бір кейіпті адамдарды кейіптес дейміз. Мінездің белгілі бір түріне кейіп беретін адамдарды кейіпкер дейміз. Жомарттық, сарандық, батырлық, қорқақтық, түзіктік, бұзықтық – бұлар қай жұртта да болатын мінездердің жалпы кейіптері. Сондықтан мұндай мінезді адамдар жалпы кейіпкерлер болады».

«Ұлы әңгіменің өресі қысқа, өрісі тарлау түрі ұзақ әңгіме деп аталады. Онан да шағындау түрі ұсақ әңгіме деп аталады».

ә) Толғау шын сырлы болуы тиіс. Өтірік жай сөзге де жараспайды. Толғау сияқты сырлы шығармаға өтірік жараспақ түгіл, бүлдіреді. Сондықтан күйлі толғау көңілде шын күй болған күйден шығуы керек.

б) Толғау таза болуы тиіс – нас, былғаныш, нәжіс әдемі нәрседен шықса, көңілге қандай әсер етеді? Толғау сөзге былғаныш сөз, былғаныш пікір қатысса, о да сондай әсер етеді.

в) Толғау көңілдің тереңдегі күйінен хабар беруі тиіс. Көңілдің бер жағынан шыққан толғаудың әсері оқушының көңілінде терең із қалдыра алмайды». Бұл жерде ғалымның лирикалық тектің табиғатын «жалпы сырлы», «шын сырлы», «таза болуы» және «көңіл тереңдігі» деп жіктеп отырғандары жай емес.

а) Толғау сөзі көңіл күйінің бейне билеуі сияқты болу тиіс. Күй де, би де біріне-бірі үйлесіп келгенде, сұлу болып шығады. Күй мен бидің үйлесуі.

ә) Толғау қысқа болуы тиіс. Көңіл күйінің көбі-ақ бір қалыпта ұзақ тұрмайды. Көңіл күйінен шығатын толғау көңіл табиғатына қарай ұзын болмасқа тиіс, ұзын болмайды да. Нағыз толғаулардың көбі-ақ 4-5 ауыз өлеңнен аспайды.

б) Толғау әуезді сөзбен айтылуы тиіс. Адамның көңілінің күйін жақсы білдіретін - күй мен ән. Әннен соңғы көңілге көбірек әсер беретін - әуезді сөз, әуезді сөздің әдемісі - өлең. Толғау көңіл сөзі болғандықтан, әсер күшін көбейтетін өлең түрде айтылуы тиіс. Көбінесе солай айтылады да»

Иә, сөзді тану, әсіресе, әдебиетті тану – ғаламның өзегіндегі аса нәзік үйлесімділік пен әсемдікті танудан бастау алып, тіршіліктің қарапайым заңдылықтарын ұғынуға дейін жалғасады. Мұны жаратылыстың өзіндік қарапайым тілімен сөйлете білу де - өнер. Сондықтан, кез-келген көркем дүниенің туу, жазылу, өмір сүру тарихы, ең бастысы оның өнер ретіндегі құндылығы – аса ауқымды мәселе. Көркем туындының пайда болуы мен оның өнер ретінде өмір сүруі өзара бірлікті қажет етеді. Өнердің шартты заңдылықтары жоқ десек те, оны танудың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл оқырман талғамымен, оның құндылықтар жүйесімен, көркемдік құпиясына қояр талаптармен тікелей байланысты.

Осы тұрғыда «Әдебиет танытқыш» - әдебиетті танытудың терминдік негіздері тұрғысынан шынайы тәсілдер қолданған.

1.3 Түркі тілдеріне ортақ терминдік қор жүйесі

Түркі тілдері арасындағы терминжасам және терминалмасым үрдісін үйлестіру мәселесі, түркі тілдеріндегі термин тектестігі. Халықаралық терминдердің түркі тілдері терминологиялық сөздіктеріндегі көрінісі. Термин сөздердегі жалпытүркілік сәйкестіктер мәселесі ғылыми тұрғыдан жүйеленді. Нәтижесінде: Түркі тілдеріне ортақ терминологиялық қор қалыптастырудың методологиялық жүйесі жасалды.

Қазақ және башқұрт тілдерінің лексикология, терминология саласына қатысты терминдер мен терминдік тіркестер жинақталып, іріктеледі, олардың ғылыми дефинициясы анықталды. Сонымен бірге, аталған кезеңде лингвистикалық түсіндірмелі сөздіктерде

терминдерді беру тәсілдері жүйеленді. Аталған тілдердегі лингвистикалық терминдердің (лексикология, терминология саласы бойынша) қалыптасуы мен жасалу жолдарының ғылыми негіздемесі айқындалды; Салыстырмалы, түсіндірмелі терминологиялық сөздіктер түзу тәжірибесі негізге алына отырып, түркі тілдерінде лингвистикалық түсіндірмелі, тақырыптық терминдер сөздігін түзу қағидаттары сараланды.

Орыс отаршылдығынан босанып шығып, тәуелсіз ел болып, енді-енді есімізді жинап, ұлтымыздың ғасырлар бойғы көшінде жоғалтқан рухани құндылықтарын жоқтай, түгелдей бастаған, азаттықтың ақ жолына түсіп, демократия даңғылымен дами бастаған тұсымызда тағы да бір алапат дауылға ұшырадық. Мұхиттың ар жағынан бастау алған жаһандану үдерісі жолындағының бәрін жайып, күшейіп келеді. Ол адамның тілін, дінін, ділін әлсірету арқылы сана-сезіміне бұғау салып, әлемді дегеніне көндіруде. Есі бар елдер төніп келе жатқан қауіпті сезініп, құл боп кетпей, өзін сақтап қалуы үшін тілін, сол арқылы ұлттық рухын күшейтуге барынша кірісіп жатыр. Қоғамдық даму барысында болмай қоймайтын заңды құбылыс деп, ғылыми жағынан да тәжірибелік жағынан да дәлелденіп, насихатталып жатқан ғаламдасуға жұтылып кетуден тек ұлттық бірлігі, қадір-қасиеті күшті елдер ғана аман қала алады. Ал ұлттың мықты болуы оның халқының сана көп болуымен емес, ұлттық сапасының, яғни, тілінің, рухының өміршеңдігімен, күштілігімен тікелей байланысты.

Жиырма бірінші ғасырдың басындағы қазақ қауымы да қоғамдық дамудың сан тарау жолдарының тоғысында тұр. Жаһанданудың жалт-жұлт еткен жылтырақ жолдары жалтырай алыстан арбап өзіне тартады. Онымен жүрсең, біреудің соңынан еріп, өз жолыңды, яғни өзінді жоғалтсаң, турасын айтқанда ұлтыңды құрдымға апарады... Енді бір жол бар, ол – ұлттық даму жолы. Бұл жолмен әлі ешкім жүрмеген, ойы-қыры, кедір-бұдыры көп сұрлеу, Ол сұрлеуге ата-баба дәстүрінің жолына ұласып жатыр. Жалғыз-аяқ жолды ұлттық дамудың даңғылына айналдыру бүгінгі ұрпақтың алдында тұрған аса қиын да құрметті парызы.

Тағы да қадай айтарымыз: ұлттық дамудың тура жолы – оның тілін, сол арқылы әдебиетін, мәдениетін, ілім-білімін өркендетіп, ұлттық рухын күшейту, ұлттық рухын, сана-сезімін нығайту, арқылы рухани өмірге жан кіргізу, сол арқылы барып алда тұрған ұлы істерді қолға алып, ұлы биіктерге шығу болып табылады. Бұл жолда ақылдаспай, ортаға салар, көп болып шешер мәселелер баршылық.

Әйтсе де, қазір қазақ тілінің қоғамымызда атқарып отырған қызметі көңіл көншіте бермейді. Қазақ тілінің өзіне міндетті функцияларын ойдағыдай атқаруы үшін шешімін күтіп отырған бірнеше күрделі проблемалар бар. Алдымен соларды шешпейінше, тілдің көші, тілден туындайтын ұлттық мәселелер дұрыс жолға түсе алмайды. Болашаққа қарай бой түзеу ең алдымен, ұлттық болмысқа негізделу керек дейтін болсақ, ескерілуге тиісті мәселелер

баршылық. Соның ең бастысы — ұлттың жаны болып естептелетін қазақ тілінің «ішкі» жағы, яғни ұлттың жан-жүйесінің саулығы.

Орыс отаршылдығы жүргізілген «жалпыхалықтық» тілді орнықтыру, яғни «совет халқына» ортақ тіл ретінде орыс тілін қолдану саясатын барынша қарқынды жүргізу барысында қазақ тілі Қазақстандағы негізгі қатынас құралы ретіндегі орнынан ығыстырылып, тілдің өзін орыстандыру жүзеге асырыла бастады. Бұрын қазақ тілінің құрамында шамамен 5-7 пайыздай моңғол, қытай, 18 пайыздай араб-парсы сөздері болса, жазуды орыс графикасына көшіру, терминдерді түбірін өзгертпей қолдану, орыс тілінің кейбір заңдылықтарын қазақ тілі грамматикасына сол күйі көшіріп әкеліп, қондыру, аты-жөнге «ов», «ывна». «ич» сияқты қосымшаларды міндетті түрде тіркеу, елді мекен, жер-су аттарын орысша қою сияқты көптеген қитұрқы амалдарды қолдану арқылы қазақ тілін іштей құрту, жегідей жеу арқылы орыстан енген сөздің пайызы отыздан асып жығылды. Сонда қазақ тіліне шеттен енген сөздер оның сөздік құрамының жартысынан асып кеткен. Ол сөздер келгенде, қазақ тілінің заңдарына бағынса бір сәрі ғой, өйтпеді. Орыстандыру саясаты қазақ тілінің негізгі заңы — үндестік заңына пысқырмады да, орыс қалай айтса, қазақтың да сол күйінде мұртын бұзбай, екпініне дейін сақтап айту талап етілді. Сөйтіп орыс сөздерінің түбірін сақтап жазу керектігі жайлы ереже қазақ тілінің негізгі өмір сүру заңдарын бұзып, отау ішінен отау тігіп беруге мәжбүрледі. Мұның өзі қазақ тілінің тұтас бір «организм», өзіндік заңдылықтары бар құбылыс ретінде өмір сүру шарттарына балта шапқандай болды.

Шеттен енген сөздер сөздік қоры құрамының жарымынан асып кетсе, тілдің өзіндік заңдылықтары, табиғи сипаты бұзылып, оның дербес өмір сүруіне қауіп төндіреді. Жаппай отарлау саясатының салдарынан қазақ тілі де осындай қыл үстіндегі халге, не ары, не бері боларлық шекараға келіп қалған еді. Қазір күн тәртібіндегі ең бірінші міндет — саяси соққылардан шалажансар күйге түскен қазақ тілінің бойына қан жүгірту, ол үшін оның негізгі үндестік заңына толық үстемдік құруын қамтамасыз ету, яғни, шеттен енген сөздерді қазақ тілінің «кебін» кигізіп қабылдау.

Бұл жерде мына бір жәйтті ескеру қажет. Шеттен енген сөздерді қабылдағанда халықаралық деңгейде қалыптасқан тәжірибені есте ұстағанымыз жөн. Оның біріншісі-термин, сөз аударуға келсе, қазақшасын алу. (Мысалы, космос-ғарыш, физкультура-дене шынықтыру, т.б.). Ал баламасы жоқ болса, жаңадан сөз жасау (мороженое-базмұздақ, пляж-жағажай, т.б) керек. Аударуға келмесе, туысқан тілдерден алған жөн (самолет-ұшак). Бұл үшеуіне де болмаса, термин халықаралық деңгейде кеңінен қолданылып жүрсе ғана сол күйінде алған дұрыс. Бірақ олар қазақ тілінің заңына бағынатын болсын. Мысалы, Москва — Мәскеу, поезд — пойыз дегендей.

Әрине, бұл салада аздап болса да жүргізіліп жатқан жұмыстар бар. Бірақ көңіл көншітпейді. Қазіргі қоғамымызда болып жатқан аса күрделі құбылыстар осы бір аса маңызды мәселені неғұрлым тезірек шешуді алға қойып отыр. Қазақ тіліне орыс тілінің өктемдігін жою үшін мүмкін, әліпбиді өзгертуге тура келер. Қазір баспасөз бетінде жүріп жатқан латын жазуына көшу туралы пікірталасқа қазақ тілін өзге тілдің өктемдігінен азат ету тұрғысынан келсек, шындап ойланарлық мәселелер баршылық. Әліпби ауыстыру қазақ тілін орыс варваризмінен құтқарып, туыстас түркі тілдеріне жақындай түсер ме еді деген сияқты ойлар да келеді.

Тілге қатысты тағы бір аса маңызды мәселе — тіл туралы заңның толық жұмыс істемеуі. Тіл туралы заң бар, бірақ, іс жүзінде жүзеге аспайды. Сөз бар да, іс жоқ. Әйтеуір, заңды белінен басып жүріп жатырмыз. Әрине, бұған көптің жазығы жоқ; бар бәле билік басында отырған орысша оқыған, тәрбиесі басқашаларда болып отыр. Арбаның алдыңғы дөңгелегі қалай қарай дөңгелесе, соңғысы да солай қарай дөңгелейді. Халықтың камын жеп, ұлттың ұпайын түгендеуге тиіс қазанның құлағын ұстап отырған ұлықтарымыз қоғамдық дамуда тілдің аса маңызды рөлін білмейді, білсе де санасына жетпейді. Ұлтының тілін, кадр-қасиетін, тарихын, мәдениетін білмейтіндерді «мәңгүрт» деп жүрміз.

Қазақ тілімен қатар орыс тілінің, ағылшын тілінің шыға бастауы ұлттың тілдік жағынан іштей жіктеліп, мүдделері бағыт-бағдарлары әр қилы топтардың өмір сүре бастауына әкеліп соқтырып отыр. Бұрын қазақтар жүзге, руға бөлінетін болса, енді тіліне қарай жіктелетін болды. Қазақ жағдайында әр адам руға, ру жүзге, жүз алашқа барып бірігіп, қанша бөлінгенімен біртұтас қазақ ұлтын құраса, яғни қазақтың іргесін бір-бірімен матап, шырмап бекіте түсетін болса, тілге қарай жіктелу бұған ~~мүлдем~~ қарама-қарсы бағытта. Олар азаматтық, рулық болып, сатылай барып ұлттық болмысты күшейте түсетін қымбат қасиеттерден жұрдай. «Мәңгүрттер» мен «көзкамандардың» ең қауіптілігі — бұлар өз мақсаттарына жету үшін қазаққа емес, сыртқа арқа сүйейді. Бұлар өз ойларын жүзеге асыру алдында кездескен ұлттық атаулыны түрлі айла-шарғымен, тәсілдермен аяққа таптап, оның орнын сырттың «жылтырақтарымен» толтыруға тырысады. Жер дүниені жаһандану атты жалмауыз жалмап келе жатқан қазіргі жағдайда «мәңгүрттер» мен «көзкамандардың» іс-әрекеттері аса қатерлі қауіп төндіреді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ұлттық идеологияның негізі — тіл. Тіл — ұлт болып ұйысудың негізі. Әрбір ұлт өзінің болашақ дамуын қамтамасыз ету мақсатымен мемлекеттігін құрады. Қазақстан— қазақ ұлтының мемлекеті. Сондықтан да Қазақстан көлемінде қазақ ұлтының өркендеп дамуы үшін барлық жағдайлар жасалуы, кез келген мәселе ұлттық мүдде тұрғысынан шешілуі керек.

Түркі халықтарынан шыққан Ысмайыл Ғаспарлы түркі бірлігінің негізін, «тілде, ойда, істе — бірлік» санаған. Бірінші дүниежүзілік соғыстан әбден қалжырап шығып, ыдырауға бет алған түрік халқын М.Ататүрік осы үш бірлік арқылы басын қосып, өркениетті даму жолына салған. Байқасақ, тіл бірлігі — барлық бірліктің негізі, ұлт тұтастығының темірқазығы. Тіл бір болса, сол тілде ойланған ой да, сөйленген сөз де, істелінген іс те бір.

Терминтаным негізі дегенде түркі халықтарының бірлігі сөз болады. Бұл жайында Ысмайыл Ғаспарлы түркі бірлігінің негізін, «тілде, ойда, істе—бірлік» санаған. Тіл ұлттың қаны мен жаны. Қан азайса, немесе бұзылса, адам тәнінің әлсіреп, жансызданып, бірте-бірте өмір сүру белсенділігі, қабілеті төмендеп, ақыр соңында ауруға шалдығады. Ұлт та – сондай. Ұлттың тілі кемісе, оның басты қасиеті рухани болмысы да нашарлап, этностық белгілерінің жойылуына алып келеді. Бұл – ұлттық ерекшеліктердің жойылып, оның ұлт ретінде өмір сүруі тоқтады деген сөз.

Қай ғылым саласының болмасын оның қалыптасу тарихын, дамуының кезеңдік сипатын, оған тиесілі алғашқы еңбектер мен ғылыми зерттеулерді көрсетіп беру – ғылым саласының тарихын зерттеудегі күрделі мәселелердің бірі. Қазақ терминографиясының тарихын зерттеу барысында бұл мәселелерге байланысты бір жақты тұжырым жасаудың оңай емес екендігіне көз жеткізуге болады.

Сондықтан бұл тақырыпты қарастыру барысында ұлт тіліндегі алғашқы терминологиялық сөздіктеріміз өткен ғасырдың 20-30 жылдары жарық көрген дәйектей отырып, хронологиялық тұрғыдан Н.Қаратышқанұлының «Пән сөздері» ең алғашқы жарық көрген терминологиялық сөздік ретінде көрсетіліп жүргеніне көз жеткіздік. Сөздікте «Қазағыстан оқу кемесеретінің білім ордасы қабылдаған пән сөздері» қамтылып, 10000 дана таралыммен 1927 жылы Қызылордада басылып шыққан. Көлемі – 128 бет.

Орысша-қазақша әскерлік атаулары – ХХ ғасырдың жиырмасыншы жылдары Қазақ білім кемесіесінің төрағасы А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының бекітіп, алғаш бастырып шығарған терминологиялық сөздіктерінің бірі. Сөздікті Қазақ АССР халық ағарту комиссариятының ғылыми кеңесі қабылдаған. 1931 жылы Қазағыстан баспасынан шыққан «Атаулар сөздігі» терминологиялық сөздіктері жарық көрді. Көлемі – 183 бет. Таралымы –

5000 дана. Бұл еңбектер қазақ терминографиясы тарихындағы тұңғыш терминологиялық сөздіктер ретінде айтарлықтай орын алар, маңызды еңбектер ретінде танылады.

Екіншіден, бұл сөздіктер алаш зиялыларының өздері негізін қалаған терминжасам қағидаттарын пайдалана отырып жасалған сөздіктер болатын. Дәл осы мәселелердің азербайжан, өзбек тілдерінде зерттелуі, осы тілдердегі терминография жүйесінің тарихын қарастыру үшін, А.Г.Оруджевтің «О создании научной терминологии и об упорядочении существующих терминов на азербайджанском языке», М.Ш.Гасымовтың «Основы терминологии азербайджанского языка», Т.Дуйшөналиеваның «Кыргыз терминологиясының кээ бир маселелерине каратпа» атты ғылыми еңбектерімен таныстық.

Осы жылдары аралығында жарық көрген терминологиялық сөздіктер алаш зиялыларының термин жасау, өзге тілдерден термин қабылдау және оларды жазу қағидаттарын басшылыққа ала отырып жасалғандығымен ерекшеленетін байқаймыз. Сөздікті түзушілер қазақ тілінде бар атауларды барынша пайдаға жаратып, оларға арнайы мағына жүктеумен бірге ұлт тілінің сөзжасам тәсілдері арқылы жана атаулар жасауды мақсат еткені аңғарылады. Мысалы: кашак (дезиртир), далағай (плац), қап-төсек (матрац), сүңгір (подводная лодка), ұшар (самолет), үстеме (надбавка), соза бас (шире шаг), түмен (дивизия), жасақ (отряд), тарал (разойдись), тізіл (стройся) және т.б.

«Атаулар» сөздігіне енген терминдердің елеулі бөлігі бүгінде қалыптасқан термин қорымыз бен жалпы лексикалық қордан берік орын алғандығын айта кеткен жөн: әдіс (метод), әдістеме (методика), бақылаушы (наблюдатель), жазықтық (плоскость), жасақ (отряд), қатар (шеренга), серіппе (пружина), шабандоз (наездник), оқшантай (патронтаж) т.б.

1910-1930 жылдар аралығында ұлттық кадрлар қалыптасып, білім беру мен ғылымды ұлт тілінде дамытудың негізі қаланғандығын айқындадық. Мәселен, М.Жұмабаевтың 1923 жылы Ташкентте жарық көрген «Педагогика» еңбегінде 300-ге жуық терминдер қамтылғандығы терминолог ғалымдар тәрпынан айтылып жүр.

XX ғасыр басындағы терминография шығармашылығы алаш азаматтарының есімдерімен тікелей байланыста қарастырылғаны жөн. Ғасыр басында халықтың сауатын ашу, білім бері міндеті күн тәртібінде тұрды. Ұлт тілінде білім алып, тәрбиленудің маңызын терең түсінген олар – өздері маманданған салалары бойынша қазақ тілінде оқу құралдары оқулықтарды жазды. Бұл жолда олар ғылымы ертерек дамыған елдердің жетістіктеріне сүйенді. Мәселен, неміс ғалымдары айтып жүрген «прозрачность термина», яғни термин мағынасының ұғынықтылығы мәселесі алаш зиялыларының жиырмамыншы ғасырдың басында-ақ назар аударғаны байқалады.

Қазақ зиялыларының алдында тұрған басты міндет - қазақ тілінің табиғатына сәйкес терминжасам қағидаттарын қалыптастыру, осы арқылы қазақ терминологиясы мен

терминографиясының даму бағыт-бағдарын айқындау. Бұған ғұлама ғалым А.Байтұрсыновтың қазақ терминологиясын қалыптастыру және оның бағыт бағдарын айқындап қана қоймай, жалпы түркі халықтарының ортақ терминологиялық қорын қалыптастыру, терминжасам шығармашылығында ортақ принциптер ұстану, осы арқылы түркі халықтарының ғылыми, рухани және мәдени байланыстарының тереңдей түсуін көздегенін көруге болады.

1599 жылы Голландия филологы И.Ю.Скалигер «Европалықтардың тілі жөнінде қысқаша ойлар» атты кішкентай еңбегін жазды. Мұнда Скалигер еуропа тілдерін 11 топқа – ата тілге (праязык) бөледі:

1) грек (ата тіл); 2) латын (ата тіл) тілінен өрбіген тілдер: итальян, француз, испан, яғни қазіргі роман тілдері тобы); 3) герман (ата тілі): неміс, нидерланд тілдері; 4) славян (ата тілі): чех, словен, сербхорват, лучиж); 5) албан тілі; 6) татар, яғни түркі тілдері; 7) венгер, яғни мадьяр тілі 8) фин, лапланд, саам тілдері; 9) ирланд тілі; 10) бретон тілі; 11) баск тілі.

Скалигердің айтуынша, бұл тілдердің арасында ешқандай да туыстық қатынас жоқ. Біз бұл пікірмен келісе алмаймыз. Өйткені бұған дейін Ф.Сассети еуропа тілдерінің санскрит тілдерімен ортақ екенін біраз дәлелдеген болатын.

1615 жылы литва ғалымы М.Литуан литва тіліндегі жүз шақты сөздің латын тілімен формалық-мазмұндық жағынан бірдей екендігіне назар аударып, нәтижесінде «ата тілдер» арасындағы алыс та болса жақындық туралы мәселе сөз етіледі.

1666 жылы орыс ғалымы Ю.Крыжанич фонетикалық сәйкестіктерді негізге ала отырып, славян тілдерінің толық классификациясын жасаған болатын. Ал түркі тілдері бойынша, көбінесе фонетикалық және лексикалық сәйкестіктер негізінде жылдар аралығында тілдер туыстығы мәселесін көтерген, лексикография саласындағы үлкей еңбектердің бірінен саналатын М.Қашқаридің сөздігі болатын. Осы еңбек туралы жан-жақты түсінік беру.

Неміс филологы Ф.Рунг (1747 жылы) литва, латыш, өлі прусс тілдерін жақын туыстығын дәлелдей келіп, Балтық тілдері тобы деген терминнің қалыптасуына жол ашты. Осы балтық және славян тілдерінің туыс екендігі туралы мәселені күн тәртібіне қойған - М.В.Ломоносов болатын.

Салыстырмалы-тарихи үрдістің қалыптаса бастауына мұрындық болған еңбектердің үлкен бір тобы - ХҮІІІ-ХІХ ғғ. жарық көрген сөздіктер. Академик П.С.Палластың редакциясымен 1768-1789 жылдар арасында Санкт-Петербургте жарияланған үш томдық «Барлық тілдер мен наречиелердің салыстырмалы сөздіктері. Бұл еңбекте 285 сөздік-мақала бар. Сөздік-мақала жайлы түсінік беру. Сөздіктің нақты масылдары 272 тілден алынған: 164-і азиат тілдері; 55 – еуропа тілдері; 23-і американ үлдістері тілдері; 30 – ы африкан тілдері.

Постсоветтік кезең, тәуелсіздік алған жылдардан бері түркі халықтары өздерінің ХХ ғасыр басындағы ортақ жалпытүркілік қарым-қатынасын экономика, саясат және білім мен ғылым саласында қайта қалпына келтіруді қолға алды. Бірақ оған графикадан бастап өмір сүру дәстүрлерінің ұзақ жылдар үзіліп қалғандығы айтарлықтай кедергі келтірді. Латын графикасы негізіндегі ортақ алфавит түрік, әзербайжан, өзбек тілдерінде бүгінгі уақытта қолданыс тапқанмен, графикадағы айырмашылық тағы қолбайлау болып отырғаны жасырын емес. Кеңес дәуірінде жұмыс істеген түркологиялық орталық, ортақ түркологиялық басылымдар, совет дәуірінде жақсы дәстүрге айналған білім-ғылым саласындағы өзара іскери қарым-қатынастар бүгінде жоқ. Түркі халықтары әлі де болса томаға-тұйық калпында, өз бетінше жұмыс істеуде. Ғылымдағы жаңа бағыттардың, зерттеу нәтижелерінің қорытындысы туралы түркі халықтары арасында ой алмасу, пікір байласу, қорытындыға келу жоқ деуге болады. Бұл айтылғандардың филология саласына тікелей қатысы бар. Өзбек, татар, қазақ, түрік, қырғыз, башқұрт лингвистикасы мен әдебиеттану ғылымына қатысты зерттеулермен танысудың ең қолжетімді түрі – ғаламторды пайдаланудың өзі ортақ терминологиялық аппараттың жоқтығы мен таныс еместіктің кесірінен көмек бере алмай отыр. Сондықтан түркі халықтарының арасындағы әсіресе ғылым мен білім саласындағы тығыз қарым-қатынасты қалпына келтіру үшін алдымен әр саланың терминологиялық аппаратын жинақтап, әр тілдің әдебиет пен тілге қатысты терминдерінің жасалу жолдары мен қағидаттарын, құрамы мен жүйесін, ортақ терминдері мен өзгешеліктерін саралап алудың өзектілігі бар.

Зерттеуде алғаш рет қазақ, түрік, өзбек, қырғыз, татар, башқұрт, әзербайжан тілінің филологиялық терминдерінің құрамы мен жүйесі, жасалу жолдары мен қағидаттары зерделеніп, аталған тілдердің тілтану мен әдебиеттануға, жалпы тіл мен әдебиетке қатысты терминдерінің сөздігі жасалады. Бұл болашақтағы осы сала мамандарының ғылыми іс-тәжірибе жинақтау жұмыстарында, білім жетілдіру, түркологиялық жаңалықтардан хабардар болуында, ары қарайғы жалпытүркілік филологиялық проблемаларды айқындауда жоғары перспективалы тақырып екенін көрсетеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Гасымов М.Ш. Азербайджанская терминология // Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. – М.: Наука, 1987. – С.77-81
- 2 Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология: Терминологическая деятельность. Изд.3. - М., 2008.
- 3 Мусаев К.М. Формирование, развитие и современные проблемы терминологии на языках союзных республик СССР // Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. – М.: Наука, 1987. – С. 89-93
- 4 Dr. Mehmet ÖNAL. Edebî dil ve üslup. // A.Ü. Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü Dergisi. – Egzorum, 2008. - № 36
- 5 Орузбаева Б.О. Кыргыз терминологиясы. – Фрунзе: Илим, 1983.- 151с.
- 6 Самойлович А. Терминологический словарь // Библиография Востока. – Ленинград., 1934. - Вып. 2-4. -146с.
- 7 Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: Наука, 1990.- 203с.
- 8 б.Аманжолов А.С. Қазақша-орысша лингвистикалық терминология сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1982. – 107б.
- 9 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов / Изд. 2-е, стереотипное. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 576 с.
- 10 Марузо Э. Словарь лингвистических терминов. – М.: Наука, 1978. –296 с.
- 11 Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы: Мектеп 1988. – 153 б.
- 12 Әбдірахманов А. Термин қалыптастыру тәжірибесінен //Қазақ терминологиясының мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1986.- Б 102-109.
- 13 Әшімбаева Н. Көнерген сөздер – терминжасамның бір көзі //Тіл тарихы және сөз табиғаты. – Алматы: Арыс, 1997.- Б 97-102.
- 14 Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Словарь-Сөздік, 2005.- 253б.
- 15 Құрманбайұлы Ш. Түркі тілдері арасындағы терминалмасуды үйлестіру туралы // Терминологиялық хабаршы. –2004. - № 1 (7). – Б 28-32.
- 16 Қалиев А. Түрік тіліндегі лингвистикалық терминдердің қалыптасуы мен жасалуы // Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері. – Астана, 2002. – Б 258-396.
- 17 Әлісжанов С. Түркі тілдеріне ортақ терминологиялық қор жасау мәселесіне (лингвистикалық терминология) // Еуразия университетінің хабаршысы. - 1999. - № 1. – Б 99-103.

- 18 Қалиев Б. Тіл білімі терминдерінің түсіндірмелі, тақырыптық сөздігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 189б.
- 19 Бекетов Б. Түркі тілдеріндегі лингвистикалық терминдердің қысқаша салыстырмалы сөздігі жайында // Қазақ тілінің компьютерлік қоры (салалық терминологиялық сөздіктер жасау жұмысын ұйымдастыру жөніндегі ғылыми-практикалық семинарға ұсынылған баяндамалар тезисі). – Алматы-Шымкент, 1992. – Б 109-115.
- 20 Сүлейменова Э. Тіл білімі сөздігі. –Алматы: Ана тілі, 1998. – 198б.
- 21 Кенесбаев С., Жанузаков Т. Русско-казахский словарь лингвистических терминов / –Алматы: Ғылым, 1996.- 178б.
- 22 Розенталь Д.Э., Теленкова М.А. Словарь-справочник лингвистических терминов. изд. 2-е. –М., 1976. – 233 с.
- 23 Б.В. Томашевский. Теория литературы. Поэтика. – М.: Наука, 2003.- 205с
- 24 А.Байтұрсынұлы. Өлеңдер, әдеби-ғылыми зерттеулер: Бес томдық шығармалар жинағы.– Алматы, Ана тілі, 2003. – Т.1. - 252 б.
- 25 Құрманбайұлы Ш. Терминологиялық әдебиеттердің библиографиялық көрсеткіші /Қазақ терминологиясының зерттелуі.- Алматы., 2008;
- 26 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003.- 208 б.
- 27 Ісімакова А. Ахмет Байтұрсынұлы – қоғам қайраткері, ақын, қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының реформаторы // Ахмет Байтұрсынұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. – I том. – Алматы: Алаш, 2003. – 408 б.

ҚОСЫМША А

Тақырып бойынша жарияланған еңбектер тізімі:

1. Османша-қазақша терминдер сөздігі. Алматы: Таңбалы, 2013. – 220 б.
2. Ысқақұы Д. Түркі халықтарының ортақ әдебиет тарихын жасау мәселелері баспа Кітапта: «Түркі өркениеті және тәуелсіз Қазақстан». Астана, 2011
3. Ысқақұы Д. Түркі халықтарының ортақ әдебиет тарихын зерттеудің өзекті мәселелері баспа Кітапта: «Филологияның қазіргі кезеңдегі басымдықтары: дәстүрі мен болашағы». Алматы, 2012.
4. Ысқақұы Д. Қазақ терминологиясындағы терминге анықтама беру мәселесі баспа «Терминологиялық хабаршы», 2013, №1
5. Ордабекова Х. Түркі тілдеріне ортақ терминжасам үлгілерін қалыптастыру мәселесі // ІСВСВ. Ү Мәдениеттер тоғысындағы тіл, әдебиет, аударма және журналистиканың мәселелері конференциясы.-Алматы, 2013.;
6. Ордабекова Х. Азербайжан тілі терминжасам үдерісінің кезеңдік сипаты // Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршысы. –Алматы, 2013.;
7. К.Мухаммади // «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ руханиятының көсемі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарында жарияланды. Алматы, 2013 ж.
8. Т.Кыдыр. Фикһ ілімінің түркі жазба әдебиетінде жырлануы // Ү Түркология конгресінің материалдар жинағы. Түркістан, 2013.;
9. Еркінбаев Ұ. «Әдебиеттану ғылымындағы термин сөздері жөнінде /түркі халықтарына ортақ термин сөздер негізінде/» // ІСВСВ. Ү Мәдениеттер тоғысындағы тіл, әдебиет, аударма және журналистиканың мәселелері конференциясы.-Алматы, 2013.